



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

Еріктілер қозғалысы ермек емес
2-бет



Сұраныс пен ұсыныс сәйкес пе?
3-бет



Мың айдан қадірлі түн
8-бет



Кемел келешектің кепілі



Тарих таразысына салсақ, әр дәуірдің өз сын-сағаты, әр ұрпақтың өз жауапкершілігі болады. Еліміз қазір дәл сондай тағдыр-шешті кезенді бастан өткеріп отыр. Бұл – уақыт талап еткен, қоғамның ішкі сұранысынан туған, мемлекет дамуының жаңа сапалық деңгейіне көтерілудің көздейтін тарихи бетбұрыс. Жаңа Конституцияны қабылдау және оны іске асыру жөніндегі нақты саяси қадамдардың басталуы – еліміздің ертеңі бағамдау. Кездейсоқ шешім емес, халықтың пікіріне сүйенген, ұлттық мүддені негізге алған бірегей таңдау.

Осы орайда, ел тарихындағы айрықша маңызы бар салтанатты жиын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ақорда төрінде өтті. Мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының өкілдері, ел басқару ісіндегі негізгі тұлғалар мен қоғамдық институт мүшелері бас қосқан бұл алқалы жиын жаңа Конституцияның тек құқықтық құжат емес, бүкілхалықтық маңызы бар тарихи акт екенін айқын көрсетті.



мен Жалпыұлттық коалиция өкілдері қатысты.

Рәсімнің көңіл толқытар әсерлі сәті – Құрмет қарауының Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шығуы болды. Бұл сөз мемлекеттің басты құжатына деген айрықша құрметтің, оны ұлттық құндылық деңгейіне көтерудің жарқын көрінісі іспетті әсер қалдырды. Іле-шала шырқалған Мемлекеттік Әнұран жиынның рухын асқақтатып, елдік пен егемендіктің терең

мәнін тағы бір мәрте айқындады.

Салтанатты жиында Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров сөз алып, республикалық референдумның қорытындыларын жариялады. Төрағаның мәлімдеуінше, жаңа Конституция жобасын қазақстандықтардың бағым көпшілігі қолдап, науқанға қатысу белсенділігі тұрғысынан да рекордтық деңгейге қол жеткізген. Бұл көрсеткіш – қоғамдағы жоғары саяси белсенділіктің, азаматтық жауапкершіліктің және ел болашағына

деген ортақ сенімнің айқын дәлелі.

Осылайша, бүкілхалықтық қолдауға ие болған жаңа Ата Заң ресми түрде қабылданып, ел дамуының жаңа кезеңінің бастауы ретінде бекітілді.

Айтулы шарада ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Сонымен бірге, еліміздің дамуына өз үлесін қосып жүрген түрлі сала өкілдерін Мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы салтанатты жиында сөз сөйлеп, Ата Заңымыздың Тәуелсіз мемлекетіміздің әрі қарай өсіп-өркендеуіне жол ашатын басты құжат екеніне жан-жақты тоқталды.

Осы тарихи сәтте мемлекетіміз құқықтық құжат қабылдап қана қоймай, өзінің даму философиясын жаңартып, саяси жүйесін жаңғырту-

дың жаңа кезеңіне қадам басқанын атап айтты.

Бұл – Тәуелсіздіктің мазмұнын тереңдетіп, оның мәнін жаңа биікке көтеретін шешім. Жұдырықтай жұмылған көпэтносты халқымыздың ортақ ерік-жігері мен болашаққа деген сенімі осы таңдаудан айқын көрінеді. Сондықтан, бұл қадамды елдің стратегиялық бағдарын айқындайтын тарихи құжат деп бағалау орынды.

Осы орайда, Қасым-Жомарт Тоқаев қол қойған жаңа Конституцияны іске асыру жөніндегі Жарлық – реформалардың нақты жүзеге асу тетігін белгілейтін, саяси жүйені жаңғыртудың айқын жол картасы екенін атап өткен жөн.

Құжатқа сәйкес, жаңа Конституцияның мәтіні республикалық «Егемен Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланды. Ал, 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне сақтауға берілді.

«Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына мыналар енгізіледі:

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасы;
«Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Конституциялық заң жобасы», – делінген Жарлықта.

Заң жобаларын әзірлеу және оларды Мемлекет басшысының қарауына енгізу Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп жүктелді.

► 2-бет

• БҮГІН – ЖАҢАРУ КҮНІ

Жаңа дәуір лебінде

19 наурыз күні елімізде Наурызнама онкүндігі аясындағы Жаңару күні ерекше маңызға ие. Атаулы күн – жаңғырудың, соны серпілістің, ескіден арылып, баянды бастамаларға жол ашудың нышаны. Әсілінде жаңару тек табиғаттың түлеп, көктемнің келуімен ғана емес, қоғам мен технологияның дамуымен де тығыз байланысты болса керек.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ал, аймағымызда бұл күн жыл сайын мазмұнды іс-шаралармен ерекшеленіп келеді. Дәстүрлі негізде өңірде сан түрлі экологиялық акциялар ұйымдастырылып, тұрғындар тазалық жұмыстарына белсене қатысып тұрады. «Әкенің ескен ағашы – ұрпаққа сая» атты игі бастама аясында ағаш отырғызу шаралары өткізіліп, қоршаған ортаны қорғау мен келешек ұрпаққа қамқорлық көрсету идеясы



насихатталады. Сонымен қатар, Жаңару күнінің мазмұнын байыртасуестін маңызды бағыттардың

бірі – инновациялық жобалар көрмесі. Әсіресе, мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылатын

роботтехника байқаулары ерекше қызығушылық тудырады.

► 5-бет

Бұрынғыдан да қолжетімді



Қазақстандықтар үшін мемлекеттік қызметтерді алу бұрынғыдан да қолжетімді бола түсті. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында экстерриториалдық қызметтердің мүмкіндіктері кеңейгені хабарланды. Бұл формат азаматтарға тіркелген мекенжайына қарамастан, еліміздің кез келген өңірінде қажетті қызметті рәсімдеуге жол ашады.

Бұрын тұрғындар құжат рәсімдеу үшін міндетті түрде тіркелген жеріндегі халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінуге тиіс болса, қазір бұл талап жойылған. Яғни, азаматтар қай қалада немесе ауданда жүрсе де, сол жерден қызмет алады.

Бұрын тұрғындар құжат рәсімдеу үшін міндетті түрде тіркелген жеріндегі халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінуге тиіс болса, қазір бұл талап жойылған. Яғни, азаматтар қай қалада немесе ауданда жүрсе де, сол жерден қызмет алады.

Экстерриториалдық қызметтер аясында жеке басты куәландыратын құжаттарды рәсімдеу, оның ішінде, жеке куәлік пен паспортты ауыстыру, сондай-ақ, ЖСН алу мүмкіндігі қарасты-

рылған. Сонымен қатар, әлеуметтік салада да бірқатар қызметтер қолжетімді. Атап айтқанда, бала тууына байланысты жәрдемақыларды тағайындау, 1,5 жасқа дейінгі күтім төлемдерін рәсімдеу, зейнетақы тағайындау және түрлі анықтамаларды алу осы тізімге кіреді.

АХАТ қызметтері де экстерриториалдық форматта көрсетіледі. Азаматтар неке тіркеу, азаматтық хал актілеріне қатысты куәліктер мен анықтамаларды кез келген өңірде рәсімдей алады. Бұдан бөлек, арнайы ХҚКО-ларда көлік тіркеу, кез келген өңірдің мемлекеттік нөмірін таңдау, жүргізуші куәлігін алу немесе ауыстыру қызметтері ұсынылады. Теориялық және практикалық емтихандарды да еліміздің кез келген автоматтандырылған арнайы орталығында тапсыруға мүмкіндік бар.

Жаңа формат мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, азаматтардың уақытын үнемдеуге және артық әу-решілікті азайтуға ықпал етуде.

Өз тілшімізден

Кемел келешектің кепілі



(Соңы. Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, Жарлықта Үкіметтің заң шығару бастамасы тәртібімен Парламент Мәжілісінің қарауына екі Конституциялық заң жобасы енгізілетіні белгіленген. Олар – «Қазақстан Республикасының астанасының мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» заң жобалары.

Үкіметке 2026 жылғы 7 сәуірге дейін Қазақстан Республикасы Конституциясын ілгерілету жөніндегі жоспарды бекіту мұқият тапсырылды.

Жарлықтың мәні ұйымдастырушылық шаралармен шектелмейтіні анық. Яғни, ол – жаңа саяси архитектураны қалыптастырудың бастамасы. Заң шығару бастамалары арқылы мемлекеттік биліктің құрылымы мен функциялары қайта қаралып, қоғам мен мемлекет арасындағы қатынас жаңа мазмұнға ие болмақ.

Сарапшылардың пайымдауынша, бұл – «суперпрезиденттік модельден» біртіндеп теңгерімді саяси жүйеге көшу үдерісінің заңды жалғасы. Яғни, билік тармақтарының өзара ықпалдастығы күшейіп,

жауапкершілік пен есептілік арта түседі.

Жаңа Конституцияның басты ерекшелігі – оның халықтық сипатында. Бұл құжат кабинет ішінде емес, қоғамдық талқылау арқылы, ашық пікір алмасу негізінде қалыптасты. Референдум нәтижесі – осының айқын дәлелі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзінде бұл туралы кеңінен айтты.

– Конституция – мемлекетіміздің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат. Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды. Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі, – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Мұндағы маңызды мәселе – легитимділік. Яғни, жаңа Ата Заң – халықтың сенім мандатына ие құжат. Мұндай негіз кез келген реформаның табысты жүзеге асуына кепіл болмақ.

Сонымен бірге, алдағы уақытта қабылданатын заңдар мен

институционалдық өзгерістер Қазақстанның саяси жүйесін сапалық тұрғыдан өзгертуді. Мемлекеттік басқару жүйесі икемдірек, ашық әрі тиімді бола түспек.

Сонымен, Жаңа Конституция – заң үстемдігін күшейтеді, азаматтардың құқықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтереді, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттырады.

Бұл өзгерістердің барлығы бір мақсатқа – әділетті қоғам құруға бағытталған.

Қазіргі геосаяси жағдайда әлем түрлі дағдарыстар мен қақтығыстарға толы. Осындай кезеңде байтақ өлкеміздегі бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау аса маңызды.

– Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түседі, – деді Президент өз сөзінде.

Біз – түрлі мәдениет пен дәстүр тоғысқан, бірақ ортақ құндылықтарға негізделген біртұтас мемлекетпіз. Тұрақтылық пен бірегейлік – еліміздің көпестігі.

құрылымына қарамастан, бірлік пен келісімді сақтай білудің нәтижесі.

Жаңа Конституция – тағдырлы тарихымыздан тамыр тартып, бүгінгіміздің талабына толық жауап беріп, болашаққа дұрыс жол сілтеп тұр. Бабалар салған сара жолдың заңды жалғасы әрі Ұлы Даланың құқықтық мәдениетінің заманауи көрінісі.

Қазақ халқы ежелден әділдік пен заңға сүйенген қоғам құрған. Билер институты, дала заңдары – соның айғағы. Бүгінгі Конституция сол тарихи тәжірибені жаңа мазмұнмен толықтырып отыр.

– Халық Конституциясы – стратегиялық сенім мандаты және ұзақмерзімді мақсаттар мен өрлеу жолына бастайтын жаңа қоғамдық келісім. Сондықтан, еліміз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты деп сеніммен айтуға болады, – деген Президентіміздің сөзі көңілге қуаныш ұялатады.

Бұл мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың жаңа форматы екенін атап өту керек. Енді еліміздің әр азаматы бақылаушы емес, белсенді қатысушы ретінде ел дамуына үлес қосады.

Бүгінгі таңда әлем алаңдаулы. Түрлі қақтығыстар, экономикалық тұрақсыздық, геосаяси шиеленістер – барлығы мемлекеттер үшін үлкен сынақ. Бірақ осындай күрделі кезеңде Қазақстан өзінің даму бағытын айқындап, болашаққа сеніммен қадам басып отыр.

Бұл сенімнің негізі – халық бірлігі, қоғамдық келісім, тұрақтылық пен парасатты саясат. Қазақ елі – бейбітшілікті ту еткен, татулықты тірек еткен, болашағына сеніммен қарайтын мемлекет. Бабалар аманатына адал ұрпақ бүгін сол жолды жалғастырып, жаңа тарихи кезеңнің іргесін қалап отыр.

Ең бастысы – бағыт айқын, мақсат биік. Сондықтан да, еліміздің келешегі – кемел, болашағы – баянды деуге әбден болады. Енді сол кемел келешек жолында тізе қосып, «бір жеңнен – қол, бір жағадан – бас шығарып», жұмыла жұмыс істеу ортақ парыз екенін ұмытпаған жөн.

Суреттер akorda.kz

• МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Қарбалас шақтағы қамдануыс

Облыста көктемгі су тасқынына дайындық жүргізілуде. Соның аясында Бұқар жырау және Абай аудандары аумағындағы Нұра және Өткелсіз өзендерінде жарылыс жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл шаралар өзен арналарында мұз кентелістерінің алдын алып, су ағысының қалыпты жүруін қамтамасыз етуге бағытталған.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Мамандардың мәліметінше, жүргізілген жұмыстар жалпы аумағы 2100 шаршы метрді қамтыды. Жарылыс арқылы мұз қабаты уатылып, өзендердің су өткізу қабілеті артты. Бұл – көктемгі қар еріген кезде су деңгейінің күрт көтерілуіне жол бермеудің тиімді тәсілдерінің бірі.

Қазіргі таңда өңірдегі су тасқынына қатысты жағдай тұрақты. Төтенше жағдайлар қызметі мен жергілікті атқарушы органдар тәулік бойы бақылау жүргізіп, қауіпті учаскелерді тұрақты назарда ұстап отыр. Сонымен қатар, өзен арналары мен су өткізу құрылғыларын тазарту, қорғаныс бөгеттерін нығайту си-

яқты кешенді жұмыстар да қатар атқарылууда.

Мұндай алдын алу шаралары елдімекендерді су басу қаупін едәуір төмендетеді. Әсіресе, көктемгі кезеңде табиғи факторлардың әсері күшейетінін ескерсек, дер кезінде қолға алынған жұмыстардың маңызы зор.

Жалпы, су тасқыны кезеңіне дайындық облыс бойынша жүйелі түрде жалғасуда. Тиісті қызметтер кез келген жағдайға әзір болып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында барлық қажетті шараларды қабылдауда.

Өз тілшімізден

• РЕСМИ

Жағажай құтқарушыларына тегін курс

Балқаш қаласында қоғамдық құтқарушыларды оқытуға қабылдау басталды. Қала тұрғындары үшін тегін ұйымдастырылады. Бұл курс жазда Балқаш көлінің жағалауында демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Бағдарламаға қатысушылар арнайы дайындықтан өтіп, кейін танымал демалыс орындарында кезекшілікке шығуға мүмкіндік алады.



Салтанат ІЛІЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бастама суда төтенше жағдайлардың алдын алу және тұрғындардың қауіпсіздігін күшейту мақсатын көздейді. Оқытуды қалалық төтенше жағдайлар басқармасы ұйымдастырып отыр. Мамандардың айтуынша, мұндай курстар жыл сайын өткізіліп, нәтижесін беріп келеді.

Бағдарлама суда еркін жүзетін, физикалық дайындығы жақсы және қиын жағдайда жедел шешім қабылдай алатын азаматтарға арналған. Оқу – тегін, жалпы ұзақтығы – 76 сағат. Курс барысында қатысушылар теориялық біліммен қатар практикалық машықтарды да меңгереді. Атап айтқанда, суда құтқару тәсілдері, алғашқы медициналық көмек көрсету, түрлі төтенше жағдайларда әрекет ету алгоритмдері жан-жақты үйретіледі.

Практикалық дайындыққа ерекше мән беріледі. Үміткерлер суда еркін жүзіп қана қой-

май, белгіленген қашықтықтарды еңсеріп, сүңгу элементтерін орындауы тиіс. Бұл талаптар олардың шынайы жағдайда жылдам әрі тиімді әрекет етуіне мүмкіндік береді. Сондықтан, физикалық дайындық – іріктеудің негізгі шарттарының бірі.

Биыл Балқашта 70-тен астам қоғамдық құтқарушыны даярлау жоспарлануда. Оқуды сәтті аяқтаған азаматтар кәсіби құтқарушылармен бірлесіп отырып, қол жағалауындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тартылады.

Оқуға 16 жастан асқан, медициналық қарсы көрсеткіштері жоқ барлық қала тұрғындары қатыса алады. Сабактар сәуір мен маусым айлары аралығында өтеді. Құжат қабылдау 1 сәуірге дейін жалғасуда.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• «ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕРІКТІЛЕР ЖЫЛЫ»

Еріктілер қозғалысы ермек емес

Қазақстан ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 2026 жылды Орнықты даму мақсатындағы халықаралық еріктілер жылы деп жариялау туралы арнайы қарар қабылдады. Бұл – еліміздің жаһандық деңгейде волонтерлік қозғалысты дамытуға қосқан маңызды үлесінің айқын көрінісі. Аталған бастама волонтерлік қызметтің қоғам өміріндегі ролін арттыруға және оны тұрақты дамуының маңызды құралы ретінде нығайтуға бағытталған.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еріктілер қозғалысының қоғам үшін маңызын бірнеше рет атап өткен болатын. Президенттің айтуынша, Волонтерлік – бұл азаматтық жауапкершіліктің айқын көрінісі. Еріктілер қоғамдағы өзара көмек пен бірлікті нығайтуға зор үлес қосады. Мемлекет басшысы волонтерлік қозғалысты қолдау мемлекеттік саясаттың маңызды бағыттарының бірі екенін де атап өтті. Оның пікірінше, еріктілер әлеуметтік қолдау, білім беру, экология, денсаулық сақтау және төтенше жағдайлардың салдарын жою бағыттарында белсенді рөл атқарады.

– 2026 жылдың Тұрақты даму жолындағы волонтерлердің халықаралық жылы болып жариялануы – бүкіл әлем үшін маңызды оқиға. Бұл бастама жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде волонтерлердің ролін айқындауға бағытталған. Бүгінде экологиялық қауіпсіздік, әлеуметтік теңсіздік, білім беру, денсаулық сақтау және халықтың осал топтарын қолдау бағыттарында еріктілердің еңбегі орасан зор маңызға ие. Қазіргі таңда волонтерлік тек қайырымдылықпен немесе бір реттік акциялармен ғана шектелмейді. Ол – қоғамның ішкі әлеуетін арттыратын маңызды қоғамдық ресурс. Волонтерлер төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қатысады, әлеуметтік көмек көрсетеді, білім беру және экологиялық жобаларды іске асырады, халықтың осал топтарын қолдайды, – деді Қарағанды облысы волонтерлер фронт-офисінің басшысы Ардана Мырзанова.



Қазақстан үшін волонтерлік тақырыбы ерекше маңызға ие. Бұл бағыт азаматтық қоғамды нығайтып, жастарды қолдау, өмір сапасын арттыру және өзара жауапкершілікті күшейту сияқты маңызды міндеттермен тікелей байланысты.

Осы ретте Қазақстанда еріктілік қызметті дамытуға мемлекет деңгейінде айрықша көңіл бөлінуде. Волонтерлікті дамытудың басым бағыттарының бірі – корпоративтік сектордың белсенді қатысуы. Бизнес өкілдерінің бұл іске араласуы қоғамдағы әлеуметтік жауапкершілікті арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, халықаралық ынтымақтастықты дамыту да маңызды. Қазақстан халықаралық деңгейде бастамалар көтеріп, тәжірибе алмасуға үлес қосып келеді.

Еріктілер қызметін қолдауға арналған жаңа стратегиялық құжат әзірлеу жоспарлануда. Ол 2030 жылға дейінгі кезеңді қамтып, өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып жасалмақ. Бұл

құжат волонтерлік саланы жүйелі түрде дамытуға бағытталады. Осы мақсатта елімізде өңірлерді аралау, жергілікті волонтерлік қауымдастықтармен кездесулер өткізу және ұсыныстар жинау жұмыстары жүргізілуде.

Қарағанды облысы – бұл бағытта белсенді өңірлердің бірі. Қазіргі таңда облыста 75 волонтерлік ұйым жұмыс істейді. Жыл сайын 4 мыңнан астам адам еріктілік қызметке қатысып, 300-ден астам әлеуметтік маңызы бар іс-шара өткізіледі. Өңірде волонтерлік қызметтің ауқымы кең. Еріктілер әлеуметтік көмек көрсетуден бастап, экологиялық акциялар ұйымдастыруға және жастар бастамаларын қолдауға дейінгі түрлі бағыттарды қамтиды. Цифрлық волонтерлік те дамып келеді.

– Халықаралық еріктілер жылы аясында басты назар жүйелі волонтерлікке аударылып отыр. Ұзақ мерзімді бағдарламалар қоғам үшін тұрақты нәтиже береді. Волонтерлік Біріккен Ұлттар

Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізудің маңызды құралдарының бірі саналады. Еріктілер әлеуметтік және экологиялық мәселелерді шешуге нақты үлес қосады. Қазақстанда волонтерлік бастамаларды қолдау мақсатында республикалық және өңірлік фронт-офистер жұмыс істейді. Олар еріктілерге ақпараттық және ұйымдастырушылық қолдау көрсетеді. Бұл бастама мемлекет, үкіметтік емес ұйымдар, бизнес және азаматтық қоғам арасындағы өзара ықпалдастықты күшейтуге бағытталған, – дейді «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің атқарушы директоры Татьяна Миролюк.

Қарағанды облысында ұйымдастырылып отырған брифингтердің мақсаты – волонтерліктің маңызын түсіндіру және өңірлік деңгейде дамыту. Жалпы алғанда, волонтерлік – қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды күш. Әрбір ерікті қоғам игілігі үшін әрекет етіп, өзара сенім мен бірлікті нығайтады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлік қозғалысты дамытуды нақты тапсырмалар арқылы жүйелі түрде жалғастыру қажеттігін атап өтті. Бұл бағытта еріктілерді қолдау тетіктерін жетілдіру, олардың қызметін кеңейту және қоғамдағы ролін күшейту – мемлекеттік саясаттың маңызды басымдықтарының бірі болып қала береді. Сондықтан, еріктілік бастамаларды қолдау тек бүгінгі міндет емес, болашаққа бағытталған стратегиялық қадам ретінде қарастырылууда. Тұрақты даму жолындағы волонтерлердің халықаралық жылы өңірде азаматтардың белсенділігін арттырып, әлеуметтік тұрақтылыққа оң әсер етеді деп күтілуде.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Бірегей бағдарламаның берері мол

Қазақтың кең даласындай кең мүмкіндіктер ашып отырған «AI-Sana» бағдарламасы бүгінде тек технологиялық жоба емес, елдің зияткерлік келбетін өзгертетін ұлттық қозғалысқа айналды. 2024 жылы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен, Ғылым және жоғары білім министрлігі жүзеге асырып жатқан бұл мемлекеттік бағдарлама Қазақстанды жасанды интеллект саласында жаңа сапалық деңгейге шығаруды көздейді.

«AI-Sana» – жоғары білім мен ғылым жүйесіне жасанды интеллект технологияларын кешенді енгізуге бағытталған стратегиялық жоба. Бағдарламаның басты мақсаты – білім, ғылым және DeepTech стартаптары арқылы «AI Nation» – жасанды интеллектті меңгерген жаңа буынды қалыптастыру. Министрліктің дерегіне, жоба аясында 2025 жылы еліміз бойынша 500 мыңға жуық білім алушы жасанды интеллект пен AI-менеджмент бойынша курстарды аяқтады. Бұл – цифрлық сауаттылықтың жаппай сипат алып келе жатқанын көрсететін, тәуелсіздік тарихында бұрын-соңды болмаған көлемдегі бастама.

Осы ұлттық қозғалыстың алдыңғы легінде Бөкетов ұлттық зерттеу университеті тұр. Ғылым және жоғары білім министрлігінің шешімімен университет «AI-Sana» инновациялық жобасын іске асыратын еліміздегі 26 тірек жоғары оқу орнының бірі болып бекітілді. Бұл мәртебе – бір жағынан жауапкершілік, екінші жағынан, аймақтық университеттің елдік деңгейдегі цифрлық реформалардың драйверіне айналғанының айқын дәлелі.

Бөкетов университетінде «AI-Sana» бағдарламасы үш негізгі бағытта қарқынды дамып келеді: студенттердің ЖИ бойынша базалық құзыреттерін қалыптастыру; оқу үдерісіне ЖИ пәндері мен құралдарын енгізу; жасанды интеллект негізіндегі ғылыми зерттеулер мен стартаптарды қолдау.

2025 жылдың көктемінде Қарағанды университеті студенттері Huawei ICT Academy платформасында «Жасанды интеллекттің білім алуына бағытталған түрлі бағдарламалар, гранттар мен жобалар жүзеге асырылып, жас ұрпаққа үлкен мүмкіндіктер ұсынылуда.



сертификат алды.

Қарағандыдағы дәстүрлі аудиториялық сабақтар бүгінде жаңа мазмұнға ие. Университет білім беру бағдарламаларын түбегейлі жаңартып, «Жасанды интеллект», «Жасанды интеллект негіздері», «Жасанды интеллект және нейрондық желілер», «Педагогтің кәсіби қызметіндегі жасанды интеллект» сияқты жаңа пәндерді іске қосты. Бұл пәндер тек IT-мамандарға ғана емес, болашақ мұғалімдерге, филологтарға, экономистерге, журналистерге, яғни түрлі сала өкілдеріне арналған.

Сонымен бірге, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерге арналған жасанды интеллект құралдарын қолдану бойынша жаппай ашық онлайн-курс (MOOC) әзірленуде. Бұл кадам жасанды интеллектті аз ғана техниктердің емес, кез келген мамандық иесінің «жұмыс құралына» айналдыруға бағытталған.

«AI-Sana» Бөкетов университетіндегі ғылыми күн тәртібін түбегейлі жаңартты. 2025-2026 оқу жылында жасанды интеллектке арналған 27 магистрлік диссертацияның тақырыптары бекітілді. Олардың қатарында:

- бастауыш сынып оқушыларының танымдық қызығушылығын ЖИ арқылы дамыту;
- информатика сабақтарында

критикалық ойлауды ЖИ негізінде қалыптастыру;

- ағылшын тілін оқытуда нейрондық желілерді қолдану;
- журналистикада жасанды интеллекттің көрінісі;

Үш докторлық диссертация VR/AR/MR технологияларын ЖИ-мен біріктіретін иммерсивті оқыту, жасанды интеллектке негізделген адаптивті білім беру жүйесін жобалау және цифрлық ортада студенттердің зерттеушілік құзыретін қалыптастыру мәселелерін қамтиды. Яғни жасанды интеллект енді тек пән атауы емес, ғылыми ізденістің өзегіне айналып отыр.

Бүгінде университет қабырғасында екі маңызды ЖИ-стартап пісіп-жетіліп келеді. Біріншісі – AI Guide-KBU. Бұл жоба – Бөкетов университетінің цифрлық жүрегі болуға тиіс интеллектуалды көмекші. Ол студенттерге, оқытушыларға және қызметкерлерге оқу кестесінен бастап, оқу үдерісінде, академиялық саясатқа және кампусағы іс-шараларға дейін барлық маңызды ақпаратты жекелендірілген форматта жеткізетін «бір терезе» қызметін атқарады.

Екіншісі – FinSight-AI, жеке қаржыны басқаруға арналған смарт-ассистент. Қаржылық сауаттылық деңгейі әлі де әрқелкі болып тұрған қоғамда мұндай құрал жастарға бюджетті жоспарлауды,



жиірек мәдениетін қалыптастыруды, тәуекелдерді бағалауды үйретеді. FinSight-AI күрделі қаржы терминдерін қарапайым тілмен түсіндіріп, студенттің өзі үшін түсінікті цифрлық «кеңесшіге» айналады.

Қарағанды университеті аудитория ішінде ғана емес, қоғамдық кеңістікте де жасанды интеллект туралы ашық диалог жүргізуге мүдделі. 2025 жылы жоғары оқу орнында «AI-Week» – Жасанды интеллект апталығы ұйымдастырылды. Апта аясында 3-4 курс студенттерінің ЖИ-құралдарын оқу мен кәсіби қызметте қолдануға дайындығын бағалауға арналған онлайн сауалнама, профессор-оқытушыларға арналған «интеллектуалды цифрлық көмекшілер» туралы тренинг және студенттерге арналған ЖИ-ді тиімді пайдалану бойынша мастер-класс өтті.

Сонымен қатар, университет өкілдері Алматыдағы AlmatyFair.ai, Астанадағы Digital Bridge сияқты халықаралық форумдарға қатысып, әлемдік трендтермен танысып, өңірге қажетті ең тиімді тәжірибелерді сүзгіден өткізіп келеді. Бұл байланыстар ертеңгі күні Бөкетов университетінің стартаптары мен ғылыми әзірлемелеріне жаңа серіктестер мен нарықтар ашуы әбден мүмкін.

Жасанды интеллект дәуірінде ұтылатын да, ұтатын да – адам. Ал, ұтатындар қатарында болу үшін аймақ жастарының қолында нақты құрал мен сапалы білім болуы шарт. «AI-Sana» бағдарламасы, Бөкетов университетінің тәжірибесі соның нақты дәлелі: егер университет пен мемлекет, бизнес пен жас буын бір бағытта ойласа, кез келген өңір цифрлық жаңғырудың алдыңғы шебіне шыға алады.

Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,
Академик
Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ Басқарма Төрағасы-Ректоры,
заң ғылымдарының докторы,
профессор,
Ұлттық ғылым академиясының академигі

Сурет Е.Бөкетов атындағы ҚарҰЗУ баспасөз қызметінен

• ЖОБА

Тілді үйренуге мүмкіндік

Тілді тегін үйренгісі келетін қарағандылықтар үшін жаңа мүмкіндік ашылды. Қалада қазақ және ағылшын тілдері бойынша курстарға қабылдау жалғасуда. Қазірдің өзінде 500-ден астам адам білім алып жатқан жобаға сәуір айында жаңа топтарға қабылдау басталады.



Салтанат ШИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қала тұрғындарына арналған тіл курстары заманауи әдістемелер негізінде ұйымдастырылып, әртүрлі аудандарда өткізіледі. Бағдарламаға тілді енді үйреніп бастағандар да, білімін жетілдіргісі келетіндер де қатыса алады. Мамандардың айтуынша, соңғы уақытта курстарға қызығушылық айтарлықтай артқан.

– Курстарға сұраныс өте жоғары. Қазір қала бойынша 380 адам қазақ тілін, 130 адам ағылшын тілін оқып жатыр. Бұрын негізінен мемлекеттік қызметкерлер қатысса, бүгінде қарапайым тұрғындар да белсенді түрде келіп жүр, – дейді облыстың тілдерді оқыту орталығының директоры Алмагүл Игенова.

Оқу үдерісі қарқынды форматта өтеді: аптасына бес рет, әр сабақтың ұзақтығы – 120 минут. Осындай жүйемен бір деңгейді шамамен үш айда меңгеруге болады. Сонымен қатар, аптасына үш күн қатысатын икемді бағдарлама да қарастырылған, алайда,

бұл жағдайда оқу мерзімі ұзағырақ болады.

Ағылшын тілінен де тегін сабақтар ұйымдастырылып отыр. Қазір 130 адам білім алуа. Келесі қабылдау сәуірде басталады. Сабақтар 15-20 адамнан тұратын топтарда өтіп, қатысушылардың еркін сөйлесуіне, пікір алмасуына және қателерін түзетуіне басымдық беріледі.

Курс соңында тыңдаушылар емтихан тапсырып, нәтижесіне қарай арнайы сертификатқа ие болады. Сабақтар «Абзал» сауда орталығында, Майқұдықта, қала орталығында және Оңтүстік-Шығыс аудандарында өткізіледі.

Курстарға жазылу үшін Мұстафин көшесі, 6/4 мекенжайындағы Тілдерді дамыту басқармасына жүгіну қажет. Қатысушылар өтініш жазып, қажет болған жағдайда тілдік деңгейін анықтау тестінен өте алады.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Сұраныс пен ұсыныс сәйкес пе?

Қазіргі қоғамда білім – ел дамуының негізгі тірегі және жастардың болашағын айқындайтын басты факторлардың бірі. Бүгінде мемлекет тарапынан жас ұрпақтың сапалы білім алуына ерекше көңіл бөлініп, түрлі бағдарламалар мен жобалар жүзеге асырылып келеді. Қарағанды облысында да жастардың білім алуына, кәсіби дағдыларды меңгеруіне және еңбек нарығында сұранысқа ие маман болуына жағдай жасалған. Өңірде мектептен кейінгі білім беру жүйесі дамып, колледждер мен жоғары оқу орындары арқылы жастарға кең мүмкіндік ұсынылуда.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жастар үшін сапалы білім алу мүмкіндіктерінің кеңеюі олардың болашақта бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына жол ашады. Бүгінде елімізде жастардың білім алуына бағытталған түрлі бағдарламалар, гранттар мен жобалар жүзеге асырылып, жас ұрпаққа үлкен мүмкіндіктер ұсынылуда.

Білім басқармасының дерегіне, Қарағанды облысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі қарқынды дамып келеді. Қазіргі таңда облыс бойынша 51 колледж жұмыс істейді. Бұл оқу орындарында студенттер 128 мамандық және 176 біліктілік бойынша білім алады. Колледждер жастарға тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар өндірістік тәжірибеден өтуге де мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибелік бағыттағы білім беру жүйесі студенттердің болашақта еңбек нарығына тез бейімделуіне ықпал етеді.

Жастардың тегін білім алуына жағдай жасау мақсатында жыл сайын мемлекеттік гранттар бөлінеді. Мәселен, колледждерге жыл сайын 9 мыңнан астам грант қарастырылады. Ал, биылғы оқу жылында өңірдегі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына 9 300 студент қабылданған, оның 7 300-і жергілікті бюджет есебінен, ал

2 000-ы республикалық бюджет есебінен білім алып жатыр. Бұл көрсеткіштер жастардың тегін білім алу мүмкіндігінің жылдан-жылға кеңейіп келе жатқанын көрсетеді.

Соңғы жылдары мектеп бітірушілердің білімін жалғастыру көрсеткіші де жоғары деңгейде. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, мектеп түлектерінің шамамен 70-80 пайызы жоғары оқу орындарына, ал, 20-30 пайызы колледждерге түседі. Колледждерді көбінесе 9-сыныпты аяқтаған оқушылар таңдайды, олардың үлесі шамамен 85 пайызды құрайды. Бұл жастардың кәсіби білім алуға ерте кезеңнен қызығушылық танытып отырғанын аңғартады.

Қарағанды облысында дуальды білім беру жүйесі де қарқынды дамып келеді. Бұл жүйенің басты ерекшелігі – студенттер теориялық білімді оқу орнында алып қана қоймай, өндіріс орындарында тәжірибеден өтеді. Қазіргі уақытта облыстағы 51 колледждің 37-сі дуальды оқыту жүйесіне тартылған. Оның ішінде 26 мемлекеттік және 11 жекеменшік колледж бар. Бүгінде бұл жүйе бойынша 8 132 студент білім алуа, бұл барлық студенттердің шамамен 34,7 пайызын құрайды. Колледждер дуальды оқытуды өңірдегі 464 кәсіпорындармен бірлесіп жүзеге асырып отыр. Мұндай тәжірибелік білім беру тәсілі түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттырады.



– Жастардың сапалы білім алуына бағытталған мемлекеттік бағдарламалар да жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – «Жас маман» жобасы. Бұл жоба техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған. Жоба аясында колледждердің материалдық-техникалық базасы жаңартылып, заманауи зертханалар мен оқу шеберханалары ашылуда. Нәтижесінде студенттер жаңа технологиялармен жұмыс істей, халықаралық стандарттарға сәйкес білім алуға мүмкіндік алып отыр. Жастарға арналған тағы бір маңызды бағдарлама – «Серпін» мемлекеттік бағдарламасы. Бұл бағдарлама еңбек күші қажет өңірлерде білім алуға мүмкіндік береді. Бағдарлама аясында жастар колледждер мен жоғары оқу орындарында мемлекеттік грант негізінде білім алып, жатақханамен және

әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз етіледі. Оқу аяқталғаннан кейін түлектердің жұмысқа орналасуына да мүмкіндік қарастырылған, – деді техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы Мадина Дуанбекова.

Қазіргі уақытта өңірде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға ерекше көңіл бөлінуде. Экономикадағы өзгерістерді ескере отырып, колледждердің білім беру бағдарламалары жаңартылып, цифрлық технологиялар мен автоматтандыруға байланысты жаңа бағыттар енгізілген. Соңғы жылдары техникалық мамандықтарға қабылдау көлемі орта есеппен 60 пайызға артқан. Әсіресе машина жасау, цифрлық техника, автомобиль жолдарын салу және пайдалану, электр жабдықтарын жөндеу, сондай-ақ, ауыл шаруашылығын механикаландыру

қызығушылық

мамандықтарына жоғары. – Ауыл жастарының білім алуына да ерекше көңіл бөлінуде. Облыстағы колледждердің 7-еуі ауылдық жерлерде орналасқан. Бұл оқу орындарында агрономия, ветеринария, ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу сияқты 22 мамандық және 43 біліктілік бойынша кадрлар даярланады. Кәсіпорындармен нысаналы даярлау туралы келісімшарттар жасалып, студенттердің болашақта жұмысқа орналасуына мүмкіндік беріледі.

Ауыл шаруашылығы саласына қызығушылықты арттыру мақсатында өңірде түрлі чемпионаттар мен байқаулар ұйымдастырылады. Соның ішінде, Agroskills және JasoSkills облыстық чемпионаттары өткізіліп келеді. Бұл шаралар



студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға және ауыл шаруашылығы мамандықтарының беделін арттыруға бағытталған, – деді техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің бас маманы Мадина Дуанбекова.

Қазіргі таңда жастардың цифрлық білім алуына да үлкен мүмкіндік бар. Колледждерде бағдарламалау, ақпараттық жүйелер, киберқауіпсіздік, роботтехника сияқты IT бағытындағы мамандықтар оқытылады. Студенттер оқу барысында цифрлық зертханаларда тәжірибеден өтіп, онлайн платформалар арқылы білім алып, түрлі IT жобаларға қатыса алады. Мұндай мүмкіндіктер жастардың цифрлық экономикаға бейімделуіне жол ашады.

Жастарды әлеуметтік қолдау мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Облыстық техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде 33 мыңнан астам студент білім алады. Колледждер жанында 2 676 орынға арналған 20 жатақхана жұмыс істейді. Қазіргі уақытта бұл жатақханаларда 1 500-ден астам студент тұрып жатыр. Студенттерге шөкіртқы төленіп, түрлі әлеуметтік жеңілдіктер қарастырылған.

Колледждер мен жоғары оқу орындары, мемлекеттік гранттар, дуальды оқыту жүйесі, түрлі білім беру бағдарламалары мен цифрлық бағыттағы жаңа мамандықтар – барлығы жас ұрпақтың сапалы білім алып, кәсіби тұрғыда дамуына мүмкіндік береді. Осындай мүмкіндіктерді тиімді пайдалану арқылы жастар болашақта еңбек нарығында сұранысқа ие маман болып қалыптасып, ел дамуына өз үлесін қоса алады.

Ақылды өндіріс аймағы

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті міндеттер және оларды цифрлық трансформация арқылы шешу жолдары» атты Жолдауы аясында Қарағанды өңірі өнеркәсіптік цифрландыру бағытында көшбасшылар қатарына сенімді түрде қосылып отыр.

ERKANAT KECESEBEKULY,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ал, биыл ресми түрде «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жарияланып, елдің индустриялық қолқа жүрегі саналатын өңірде осынау бастамалар енді жоспар емес, нақты іске айналып келе жатқанына барша жұрт күегер. Бір сөзбен әдіптеп көрсек, жасанды зерде шахтадағы қауіпсіздікті бақылайды, дрондар атаулысы қауіпті аймақтарда адамды алмастырады және цифрлық ассистенттер бөлшектер өндірісін үш есе жылдамдатады. Иә, бұл бүгінгі күннің ақиқатына айналып жатқан шынайы көріністер.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдағы үш жыл ішінде елді толыққанды цифрлық мемлекетке айналдыру міндетін қойды. Тау-кен металлургия кешені (экономиканың 8%-ы) үшін негізгі бағыт – геологияны ЖИ көмегімен цифрландыру, позициялау жүйелері әрі болжамды талдау. Өндірісті өңірде 2025-2026 жылдары атаулы жылға арналған өңірлік жоспарлар іске кезең-кезеңімен іске асырылуы үстінде. Енді нақты осы тұрғыдағы кейстерге зер салып көрейік. Бірінші кейс. Қатмет компаниясы 2025 жылғы желтоқсанда жаңа буындағы Ахуал орталығын ашты. Платформа тәулік бойы бейнебақылау, датчиктер

мен ЖИ алгоритмдерін біріктіріп, қауіпсіздік тәртібін бұзу жайттарының автоматты түрде анықтайды да қауіп туындағанда жабдық жұмысын дереу тоқтата алады.

Жер астындағы позициялау жүйелері, цифрлық диспетчер, «Цифрлық кеңесші» қызметі қоса қызмет атқарады. Ол нақты уақыт ағымында кен арнасын талдап, операторларға түзету ұсынады.

– Бұл орталық комбинат аумағындағы барлық логистикалық үдерістер мен жалпы ахуалды нақты уақыт аясында бақылауға мүмкіндік береді. Орталықтың үздіксіз жұмысын әр ауысымда 15 бейнебақылау операторы мен бір үйлестіруші маман қамтамасыз етеді, – деді Қатмет компаниясының режим және қауіпсіздік жөніндегі директоры Олжас Сейтахметов.

Нақты нәтижесінде апат қауіпі төмендеді, бақылау автоматтандырылды.

Кейс №2. Өңіріміздегі темір кенішінде GeoJet дрондары (жергілікті инженерлер әзірлемесі, жетекшісі – Сергей Муравьев) сынақтан сәтті өтті. Диаметрі небәрі 23 см болатын құрылғылар 8K-камералармен, LIDAR жүйесімен, жасырын қуыстарды анықтайтын сканерлермен, ұшуды тұрақтандыратын ЖИ-мен жабдықталған.

– Біздің дрондар көмегімен



Қолданушы: Александр Шамур / Kazzinc.com

қазбаларды зерттеп, визуалды тексеріс жүргізуге болады. Ішкі сканерлер қабырғалардың ішінде жалаң көзге көрінбейтін жасырын қуыстарды анықтайды. Апаттың көпшілігі осындай ақаулардан бастау алып жатады. Демек, ақау алдын ала табылса, ықтимал оқыс оқиғаның алдын алуға мүмкіндік береді, – деді компанияның бас инженері Сергей Муравьев.

Биыл дрондар нарыққа шығарылады.

– Шектеулі кеңістікте ұшу – аса күрделі үдеріс. Мұнда турбуленттік ауа ағындары, GPS-сигналдың болмауы және шолудың шектеулілігі қиындық туғызады. Соған қарамастан, біздің дрондар жерасты жағдайында жоғары тиімділігін көрсетті. Басқару жарғылай автоматты режимде жүр-

гізіледі, ал, жасанды интеллект жүйесі датчиктерден келетін ақпаратты талдап, ұшуды нақты уақыт режимінде тұрақтандырады, – деп атап өтті компания жетекшісі Виталий Пучков.

Үшінші кейс. Теміртаудағы алюминий зауытында камералар мен ЖИ қауіпті аймақтарға кіруді тіркеп, жабдықты автоматты түрде тоқтатады. 2026 жылға жоспар – жеке қорғаныс құралдарын тану, болжамды ондай түсу. Демек, ЖИ албаты айқайламайды. Жасанды зерде жай ғана техниканы дер кезінде тоқтата алады. Ал, KZ TRANSIT компаниясында Teleport 3D платформасы ЖИ көмегімен тапсырыстарды өңдеп, сызбалар жасап, материалдарды таңдайды. Өңдеу уақыты үш есеге қысқарып, дәлдік 99%-ға жеткен.

Қайыр-қош. Мұндай кейстер санамалай берсек, біразға жетіп артылады. «Енді біз сөз еткен озық үгілдер бізге не сыйлайды?» деген заңды сауалға жауап табылық. Тендессіз технология жолымен әуел баста мемлекеттік қызметтердің 92%-ы онлайн, 95,9%-ы смартфон арқылы іске асырылып келеді бүгінде. Былтырғы жылы 54 млн қызмет көрсетілген болса, оның 60%-ы проактивті негізде жүзеге асты. Smart City көрсеткіші – 80,78 балды құрап, 15,5 мың камера орнатылған. 650 мыңнан астам студент AI Sana бағдарламасында оқиды. Өндіріс өрісінде үш есе жылдамдық өсімі, алюминий өнімдері айына 350 тоннаға дейінгі өнім шығарылды. Ондаған кәсіпорында ЖИ енгізу жол картасы табысты жүзеге асу-



да. Түптеп келгенде, қазыналы Қарағанды көптеген өңірлерден озық. Себебі, Қазақстанда ЖИ көбіне жекелеген жобалар деңгейінде іске асырылып жатқан болса, мұнда толық экокүйелер қалыптасқаны көз қуантады. Аустралия мен Чили тәжірибесінде ЖИ өндірістегі тоқтап қалуы 15-20%-ға, апаттарды 30-50%-ға азайтады. Қарағандыда да осындай көшелі көрсеткіштерге жергілікті шешімдер арқылы қол жеткізу үстінде.

«2026 жылдан кейінгі мүмкіндіктер» дей тұрғанымызда алдағы уақытта 5-10 мың жаңа IT жұмыс орны, GeoJet және Teleport 3D өнімдерінің экспортқа шығуы, \$1 млрд инвестиция тарту мен жоғары білікті кадрлар санының артуы болжанады. Кәсіпкерлер мен өңір басшылығының айтуынша, 2025 жылы 2000-нан астам жобаға 50 млрд теңге қолдау көрсетілді. Олардың жартысынан көбі цифрлық бағытта. Осылайша, адам үшін жұмыс істейтін ақылды өндіріс аймағына айналып келеді. Жасанды интеллект қауіпсіздікті арттырып, тиімділікті күшейтіп, экономиканы жаңа деңгейге көтеруде. Келесі кезең – өңірдегі 100-ден астам кәсіпорында толық цифрландыру және жергілікті ЖИ шешімдерін әлемдік нарыққа шығару.

Демек, Цифрлық Қарағанды болашаққа дайын!

Қолдау бар жерде самғау бар

Агроөнеркәсібі өркендеген Арқа өңірінің ауыл шаруашылығы саласындағы табысында өсім бар. Кешенді мемлекеттік бағдарламалар, техника паркін жаңартуға берілетін субсидиялар, арзандатылған жанармай қоры, тамшылатып суару технологиясы, жалпы агросаладағы цифрлы жанаалықтар Арқа аграрларына айтарлықтай серпін беріп отыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев агросаланы дамыту – жалпы елді дамытуға жол ашатынын айтып, ауыл шаруашылығы саласында өндірісті ұлғайту мен инфрақұрылымды дамыту қажеттігі жөнінде тапсырма жүктеп келеді.

ҚАСЫМХАН БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ауқымды жоспар, көшелі көрсеткіш

Қарағанды өңірінің агроөнеркәсіп кешені соңғы жылдары тың серпін алып, даму траекториясын айқындап келеді. Мемлекеттік қолдаудың жүйелі тетіктері, озық технологиялардың өндіріс үдерісіне батыл енгізілуі салаға тыныс, кең өріс ашты. Биылғы межелер де осы қарқынның үдей түсетінін көрсетеді.


Алдын ала жоспарға сәйкес, 2026 жылы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 559,6 млрд теңгеге жетпек. Өткен жылы бұл көрсеткіш 531,1 млрд теңгені құрап, сала мамандары күткен межелден жоғары нәтиже көрсеткен еді. Демек, агросектордағы өсім – кездейсоқ құбылыс емес, жүйелі жұмыстың жемісі. Негізгі серпін көзі – дәстүрлі түрдегі өсімдік және мал шаруашылығы.

Өсімдік шаруашылығы бүгінде өңір экономикасының тірегіне айналды. Биыл бұл саладағы өнім көлемі 306 млрд теңгеден асады деп күтілуде. Дикандар ескі сүрлеумен шектелмей, егіс құрылымын жаңғыртып, нарық сұранысына бейім дақылдарға басымдық бере бастады. Соның нәтижесінде көктемгі егіс көлемі 1 млн гектардан асып, 1 082,4 мың гектарға дейін ұлғайтылады.

Дәнді дақылдармен қатар майлы дақылдардың алқабы да кеңейіп келеді. Бұл қадам бір жағынан агросаланы әртараптандыруға жол ашса, екінші жағынан өңдеу өнеркәсібінің жандануына серпін бермек. Картоп пен көкөніс алқаптарының ұлғаяуы да ішкі нарықты қамтамасыз ету тұрғысынан маңызды.

Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпановтың айтуынша, бүгінгі таңда басты басымдық – өнім көлемінен бұрын оның сапасы мен тиімділігіне ден қою.

– Су ресурстарын ұтымды пайдалану – уақыт талабы. Осы бағытта суармалы жер көлемін 52,7 мың гектарға дейін жеткізу көзделіп отыр. Әсіресе Нұра, Осакарор және Шет аудандарында бұл жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Су үнемдеу технологиялары өнімділікті арттыруға ғана емес, табиғи ресурстарды тиімді игеруге мүмкіндік береді.



Сонымен қатар, майлы дақылдар өндірісін дамыту – стратегиялық міндеттердің бірі. Өңдеуші кәсіпорындарды қолдау арқылы біз шикізаттың тұрақты өткізілуін қамтамасыз етіп, ішкі өндірістің қуатын арттыруды көздейміз. Жалпы, мақсат – сан емес, сапа. Сондықтан, барлық бағыттағы жұмыстар өзара сабақтастықта жүргізіліп жатыр, – дейді ол.

Мал шаруашылығы да жүйелі дамуда. Бұл салада да тұрақты өсім бар. Биыл ірі қара саны 432,6 мың басқа жетсе, қой-ешкі 703,6 мың басқа дейін ұлғаяды деп күтілуде. Жылқы шаруашылығының да өрісі кеңейіп, мал басы 412 мыңнан асады.

Соған сәйкес өндіріс көлемі де артауда. Ет өндіру 110 мың тоннаға дейін жетсе, сүт өндірісінің көлемі 225 мың тоннадан асады. Ал, жұмыртқа өндірісі 638 млн данаға дейін ұлғайтылмек. Мұндай нәтижеге қол жеткізу селекциялық жұмыстарды жандандыру, асыл тұқымды мал үлесін арттыру және жаңа өндіріс орындарын іске қосу арқылы көзделіп отыр.

Өңдеу саласы да кезең-кезеңімен жаңғырып келеді. Қолданыстағы кәсіпорындарды модернизациялау және жаңа өндірістер ашу нәтижесінде азықтүлік өндірісінің көлемі 215,1 млрд теңгеге дейін жетеді деп болжанауда.

Агроөнеркәсіп кешеніне тартылатын инвестиция көлемі де көңіл қуантады. Биыл бұл көрсеткіш 61,4 млрд теңгені құрайды. Қаржының басым бөлігі ауыл шаруашылығының негізгі капиталына бағытталды.

– Жалпы сомасы 63,3 млрд теңгені құрайтын 28 инвестициялық жоба іске асырылмек. Олардың қатарында тауарлы-сүт фермаларын салу, суармалы жерлерді айналымға енгізу және өндірістік инфрақұрылымды дамыту бар. Бұл жобалар жаңа жұмыс орындарын

ашуға мүмкіндік береді. Мемлекеттік қолдау шаралары да ауқымды. Биыл субсидия көлемі 24,4 млрд теңгеге жетеді. Сонымен қатар, «Ауыл аманаты» жобасы аясында ауыл тұрғындарын қолдауға 4,8 млрд теңге қарастырылған, – дейді Сырым Бейсебайұлы.

Жер ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Пайдаланылмай жатқан 130 мың гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, қайта айналымға енгізілмек. Бұған қоса, бұған дейін қайтарылған 2 млн гектарға жуық жерді игеру жұмыстары жалғасып жатыр.

Тұтастай алғанда, Қарағанды өңірінің агроөнеркәсіп кешені жүйелі дамудың жаңа кезеңіне қадам басты. Нақты жоспар, тиімді қолдау және еңбекқор шаруаның үйлесімі – Арқа агросекторының алдағы уақыттағы да еңселі өсіміне кепіл болмақ.


Көктемгі егіс:

дайындық пен болжам

Ауыл шаруашылығында жыл он екі айдың ішіндегі ең жауапты кезеңнің бірі – көктемгі дала жұмыстары. Бұл науқанның дер кезінде әрі сапалы жүргізілуі – жыл бойы еңбектің нәтижесін айқындайды. Сондықтан, Қарағанды облысында бұл бағыттағы дайындық жұмыстары қазірдің өзінде жүйелі қолға алынған.

Бүгінде өңірдегі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер егіс науқанына қызу әзірлік үстінде. Алдын ала қаржыландыру тетіктерінің арқасында шаруалар тұқым, тыңайтқыш, жанармай сатып алу мен техника жөндеу жұмыстарын ертерек бастап, уақыт ұтуды көздеп отыр. Бұл өз кезегінде көктемгі жұмысты кідіріссіз өткізуге мүмкіндік береді.

– Биыл минералды тыңайтқыштарды қол-



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

дану ауқымы да кеңеймек. Жалпы көлемі 111,6 мың тоннаға жеткізіліп, егіс алқаптарының 44 пайызына, яғни 448,6 мың гектарға енгізу жоспарланған. Бұл – топырақ құнарын арттырып, өнімділікті көбейтеді. Айта кету керек, өткен жылы 80,2 мың тонна тыңайтқыш сатып алынып, ғылыми негізделген қажеттіліктің 86 пайыздан астамы қамтамасыз етілген болатын. Биылғы жоспар бұдан да ауқымды. Нарықта кеңінен қолданылатын аммоний нитраты, аммофос, карбамид, аммоний сульфаты мен кешенді тыңайтқыштар ішінде ең жоғары үлес аммоний нитраты мен аммофосқа тиесілі. Қазіргі уақытта 12,5 мың тонна минералды тыңайтқыш сатып алуға келісімшарттар жасалып, оның басым бөлігі жеткізіле бастады. Сонымен қатар, отандық өндірушілерді қолдау мақсатында арнайы қаржыландыру да қарастырылған. Бұл шаралар шаруалардың шығынын азайтып, қажетті ресурстарға қолжетімділікті арттыруға бағытталған, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

Тұқым қоры да толық қамтылып отыр. Көктемгі егіске қажетті 109,5 мың тонна тұқым дайындалып, оның сапасын тексеру жұмыстары басталды.

Техника дайындығы да жоғары деңгейде. Биылғы науқанға 11 мыңнан астам трактор, жүздеген егіс кешені мен мыңдаған тұқым сеппіш және топырақ өңдеу агрегаттары жұмылдырылады. Қазіргі таңда техниканың жалпы дайындығы 98 пайызға жуық. Шаруалар көктемгі науқанға толық әзір.

Соңғы жылдары техника паркін жаңарту жұмыстары да жүйелі жүргізіліп келеді. Өткен жылы жүздеген жаңа трактор мен комбайн сатып алынып, биыл да ескі техникаларды кезең-кезеңімен жаңарту жоспарланған.

Жанармаймен қамтамасыз ету мәселесі де – бақылауда. Көктемгі дала жұмыстарына қажетті 17,5 мың тонна дизель отыны бөлінген. Ол айлар бойынша кезең-кезеңімен жеткізілмек.

Қаржыландыру бағытында да нақты қолдау бар. «Кен дала 2» бағдарламасы аясында ондаған ауыл шаруашылығы тауарын өндірушіге миллиардтаған теңге көлемінде несие берілген. Сонымен қатар, «ҚазАгроҚаржы» арқылы шаруашылықтарға жаңа техника лизингке ұсынылуда.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мамандары «Көктемгі дала жұмыстарына дайындық барысы облыстық жедел штабтың тұрақты бақылауында, барлық шаралар нақты жоспарға сәйкес жүргізілуде», – дейді.

Түйіндей айтқанда, уақытылы әрі сапалы дайындық – мол өнімнің алғышарты. Арқа дикандары биыл да осы үдеден шығуға ниетті.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ЭКОЛОГИЯ

Экожүйе айнасы – балық

Облыста Балқаш көлінде су экожүйесінің жағдайы мен балық популяциясын зерттеуге арналған кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеулерді Балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Балқаш филиалының мамандары балық инспекциясының қызметкерлерімен бірлесіп өткізді деп хабарлады облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Далалық жұмыстар акваторияның бірнеше учаскесін қамтыды. Олар Белен ауданы, Бертіс шығанағы, сондай-ақ, Тораңғалық және Шұбартүбек кенттеріне жақын аумақтар. Бұл аймақтар балықтың көбеюі мен кәсіптік аулауы үшін маңызды саналады.

Зерттеу барысында мамандар гидрологиялық бақылаулар жүргізіп, гидрохимиялық және гидробиологиялық сынамалар алып, балыққа биологиялық талдау жасады. Әсіресе, кәсіптік маңызы бар балық түрлерінің уылдырық шашу алдындағы көшу кезеңін бақылауға ерекше назар аударылды. Бұл кезең популяцияның тұрақтылығы мен болашақта ауланатын балық көлеміне тікелей әсер етеді.

– Ғылыми қызметкерлер мен инспекцияның бірлескен жұмысы су айдынының жай-күйі туралы деректер жинауға және уылдырық шашу алдындағы кезеңде табиғатты қорғау заңнамасының сақталуын бақылауға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер балық шаруашылығы саласындағы алдағы шешімдердің негізі болады: балық аулау мерзімдері мен шектеулерін белгілеу, рұқсат етілетін аулау көлемін есептеу, сондай-ақ, су биоресурстарын сақтау мен молайту шараларын әзірлеу, – деп атап өтті зерттеу бастамашылары.

Балқаш көлі еліміздегі ең ірі балық шаруашылығы су айдындарының бірі болып қала береді. Сондықтан, оның экожүйесіне тұрақты мониторинг жүргізу өңірдің экологиялық әл-ауқаты мен әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін маңызды.

Өз тілшімізден

Жаңа дәуір лебіндеі

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бұл алаңда жас өнертапқыштар өздерінің тың идеялары мен техникалық шешімдерін ұсынып, заманауи технологиялардың мүмкіндігін жалпыға паш етеді.

Мұндай көрмелерде LEGO Mindstorms және Arduino платформалары негізінде жасалған роботтар жобалары ұсынылады. Мұның қатарында тұрмыстық үдерісті автоматтандыруға арналған құрылғылар, қоқысты сұрыптайтын роботтар, экологиялық жобалар мен қарапайым манипуляторлар да бар. Мұндай ілкімді жұмыстар Жаңару күнінің негізгі мәнімен үндесіп, технология арқылы қоғамды жақсартуға бағытталған бастамалардың нақты көрінісіне айналып отыр. Жасанды интеллект пен IT салалары да өңірде қарқынды дамып келеді. Қарағанды университеттері базасында жүзеге асырылып жатқан AI бағытындағы білім беру бағдарламалары студенттердің жаңа технологияларды игеруіне жол ашуда.

Соңғы жылдары оқу үдерісіне жасанды интеллектке қатысты пәндердің енгізілуі – білім беру саласындағы жаңарудың айқын дәлелі. Ал, виртуалды шындық (VR) технологиялары елімізде түрлі салаларда қолданылып келе жатқанымен, Қарағанды өңірінде бұл бағыттағы ірі шаралар сирек өтеді.



Дегенмен, заманауи STEM кабинеттерімен жабдықталған мектептерде VR элементтері бар жобалар біртіндеп енгізіліп жатыр. Жалпы алғанда, биылғы жылдың наурыз айында Қазақстан бойынша цифрлық бастамалар күрт қарқын алды. Astana Hub және аймақтық хабтар ұйымдастыратын хақатондар, стартап-питчингтер, Digital Nauruz Battle секілді алаңдарда

AI, IT, EdTech және роботтехника саласындағы тың жобалар мезгілді уақытында таныстырылуда. Қарағандыда да мұндай шаралар технопарктер мен білім беру ұйымдары базасында кезең-кезеңмен өткізіліп келеді.

Жаңару күніне орай, ұйымдастырылатын іс-шаралардың форматы да әртүрлі. Танертенгі уақытта сенбіліктер мен ағаш отырғызу

акциялары өтсе, күндіз және кешкі мезгілде мектептер мен жастар орталықтарында ғылыми-техникалық көрмелер ұйымдастырылады. Онлайн кеңестікте де «Наурыз – жаңару мен бірліктің символы» тақырыбында бейнероликтер жарияланып, онда жас буынның технологиялық жетістіктері қоса көрсетіледі.

Мәселен, Қарағандыда №19 жайлы мектеп елімізде жүзеге асы-

рылып жатқан «Болашақ мектебі» жобасының заманауи форматына толық сай келеді. Жаңа мектеп – тек білім ордасы ғана емес, болашақ зертханасы. Мұнда оқушылар үшін барлық жағдай жасалған: кең әрі жарық сыныптар, эргономикалық оқу кеңістігі, қауіпсіз әрі қолайлы орта. Ең бастысы, заманауи STEM және технологиялық кабинеттер білім алушыларға тың мүмкіндіктер ұсынады. Бұл кабинеттерде оқушылар тек теориямен шектелмей, тәжірибе арқылы білімін шыңдайды. Роботтехника, бағдарламалау, инженерлік ойлау бағыттары бойынша дағдыларын дамытып, өз идеяларын нақты жобаларға айналдыруға мүмкіндік алады. Мұндай орта жас ұрпақтың шығармашылық ойлау қабілетін арттырып қана қоймай, оларды болашақтың сұранысына сай техникалық тұрғыдан сауатты тұлға ретінде қалыптастырады.

– Мектептің бір ауысымда жұмыс істеуі оқушылар үшін ерекше қолайлылық тудырып отыр. Сабақ кестесінің тиімді ұйымдастырылуы балалардың уақытын үнемдеп қана қоймай, олардың жан-жақты дамуына кең мүмкіндік береді. Түстен кейін ыстық тамағын ішкен шәкірттер оқу күнін қосымша біліммен толықтыруға жағдайы бар. Білім ошағында бүгінде 27 түрлі үйірме жұмыс істейді. Үйірмелердің қатарында ғылы-

ми-техникалық, шығармашылық, спорттық және зияткерлік бағыттар қамтылған. Соның арқасында оқушылар тек академиялық біліммен шектелмей, өз дарынын дамытып, жаңа қырларын аша алады. Әрбір оқушы өзіне жақын саланы таңдап, сол бағытта тереңірек білім алуға, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алады, – дейді мектеп директоры Гүлдана Асамиданова.

Әсілі, Жаңару күні – бір күндік мереке болмаса керек. Задында уақытпен үндескен үздіксіз үдеріс. Табиғаттың қайта түлеп, тіршіліктің жаңғыруы адам санасына да серпіліс әкеліп, жаңа ойлар мен тың бастамаларға бастайды. Өңірімізде жүзеге асып жатқан игі істер мен заманауи жобалар – осының нақты дәлелі. Әрбір егілген ағаш, әрбір жасалған ғылыми жоба, әрбір жаңашыл идея – ертенгі жарқын келешектің іргетасы. Әсіресе, жас ұрпақтың білімге, технологияға, жасампаздыққа ұмтылысы – елдің ең үлкен байлығы. Осындай ортада тәрбиеленген буын – жаңашыл, жауапты, бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасары сөзсіз. Олар – ертенгі күннің иелері ғана емес, бүгінгі жаңарудың басты қозғаушы күші. Ендеше, Жаңару күні әр жүрекке үміт отын жағып, әрбір қадамға сенім ұялатысын дейміз.

Суреттерді түсірген
Жаңгелді ӘБДІҒАЛЫМ



«Жақсылық жасап жарысайық»

«Жақсылық жасап жарысайық» деген тағылымды сөз бар. Бүгінде осы ұлағатты ұстанымды іс жүзінде жүзеге асырып жүргендер аз емес. Солардың қатарында «Асыл Ана – 2020» қоғамдық қорының орны ерекше. Қордың бастамасымен «Заман» мейрамханасында «Армысың, аз Наурыз!» атты қайырымдылық іс-шарасы өтті. Мерекелік жиынға Қарағанды қаласы Ә.Бөкейхан ауданы әкімінің орынбасары Дастан Тұрсынов қатысып, жиналған қауымды көктем мерекесімен құттықтады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Асыл Ана – 2020» қоғамдық қоры 2020 жылы құрылған болатын. Содан бері қайырымдылық қызметтің алдыңғы шебінде. Қордың негізгі мақсаты – көпбалалы және жалғызбасты аналарға, сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі жандарға жан-жақты қолдау көрсету. Осы бағытта ұйым тарапынан қысқа мерзімді оқу курстары ұйымдастырылып, мемлекет ұсынатын «Бастау» грантына қатысуға, тұрғын үй және балабақша кезегіне тіркелуге, өзге де мемлекеттік қызметтерді рәсімдеуге тегін көмек көрсетіп келеді. Бұдан бөлек, қор мұқтаж жандарды жұмыспен қамтуға ықпал етіп, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға нақты үлес қосып отыр. Шара барысында аудан әкімінің орынбасары қордың қоғамдағы маңызын ерекше атап өтті. Әрі бірқатар белсенді ұйымдастырушыға Алғыс хат табыстады.

– Ұлыстың ұлы мейрамы құтты болсын! Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын! Баршаныңа зор денсаулық тілеймін. Осындай мереке қарсаңында игі іс-шара ұйымдастырып отырған барша ұйымдастырушыларға шынайы алғысымды білдіремін. Мұндай игі бастамаларымыз көбейе берсін, – деді Дастан Тұрсынов.

Қоғамдық қордың жетекшісі Айжан Байделдинова 2019 жылдан бастап көпбалалы отбасылармен жүйелі түрде жұмыс жасап келеді. 2020 жылы «Асыл Ана – 2020» қоғамдық қорын құрып, оған жетекшілік ете отырып, әлеуметтік маңызы зор игі бастамаларды қолға алған.

– Жыл сайын Наурыз мейрамын мейрамханада бірге қарсы аламыз. Әлеуметтік қолдауға мұқтаж жандар көбіне мемлекеттік мекемелерде тұрғандықтан, той-думанға жиі бара бермейді. Сондықтан, олар да мерекелік көңіл күйді сезінсін деген ниетпен жыл сайын демеушілерімізбен бірлесіп ауқымды концерттік бағдарлама ұйымдастырамыз. Демеушіміз жеке кәсіпкер Әлихан Саттаровпен 2019 жылдан бері танысып. Сол уақыттан бері оның қолдауымен көптеген қайырымдылық шараларын жүзеге асырдық. Сонымен қатар, Сахат Сыздықов есімді демеушіміздің де үлесі зор. Алдағы уақытта да ауқымды игі жобаларымыз жалғасын табады, – деді Айжан Данышпанқызы.

Мерекелік кешке жалпы саны 120 адам қатысты. Қонақтар қатарында қарттар үйінің тұрғындары, оналту орталығының тәрбиеленушілері, №6 мектеп-интернатының мүмкіндігі шектеулі оқушылары, әрі алтын құрсақты әжелер де болды. Іс-шара аясында жиналған қауымға ақ дастархан жайылып, мерекелік концерттік бағдарлама ұсынылды.

• ДІН – ДІҢГЕК

Мейірім мен ізгілік мейрамы

Рамазан айы – сабыр мен шүкірдің, рухани тазарудың нұрлы кезеңі. Бір ай бойы ауыз бекітіп, нәпсіні тыйып, ізгілікке ұмтылған жұртшылық үшін айттың орны ерекше. Енді, міне, қасиетті ай өз мәресіне жетіп, көңілге қуаныш ұялатқан берекелі Ораза айт та келіп жетті.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ораза айт – мұсылман қауымы үшін ең ұлық мерекенің бірі. Бұл күн тек оразаның аяқталуы ғана емес, адам бойындағы мейірім мен жанашырлықтың салтанат құруын айқындаса керек. Айт – өкпе-ренішті ұмытып, кешірімге жол беретін, ағайын мен туыстың арасын жақындататын татулық мейрамы.

Мерекенің рухани мәні қайырымдылықпен астасып жатыр. Айт күні жамағат болып намаз оқу, мұқтаж жандарға қол ұшын созу – әрбір мұсылман үшін үлкен сауапты іс. Биыл өңірімізде Ораза айт намазы таңғы сағат 07:15-те оқылатынын қаперлеріңізге саламыз.

Сондай-ақ, айт – ақ тілектер мен ақ дастарханнан мерекесі. Бұл күні әрбір шаңырақта дәмді астар әзірленіп, ағайын-туыс, көрші-қолаң бір-бірін құттықтап, «Айт қабыл болсын!» айтысады. Үлкендердің батасын алып, кішілерге базарлық үлестіру – қанымызға сіңген асыл дәстүріміздің бірі. Осылайша, мереке отбасылық күн-



дылықтарды нығайтып, қоғамдағы бірлік пен берекені арттыра түседі.

Облыстың бас имамы Естай Айттуғанұлы барша мұсылман қауымын осынау ұлық мерекемен құттықтап, ізгі тілегін білдірді.

– Сіздерді ісі мұсылманның ұлық мейрамы – Ораза айттың келуімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – мей-

ірім мен қайырымдылықтың, кешірім мен ізгіліктің салтанат құрған сәті. Жаратқан Алла Тағала ұстаған оразамызды, жасаған дұға-тілектерімізді қабыл етпей. Елімізге амандық, жұртшымызға тыныштық берсін, – деді бас имам.

Рамазан айында қалыптасқан игі амалдар мен жақсы әдеттер айттан кейін де жалғасын табуы тиіс. Өйткені,

оразаның басты мақсаты – адамды рухани тұрғыда кемелдендіріп, жамандықтан жирендіру. Рухтың тазалығы мен жүректің кеңдігі тек бір аймен шектелмей, өмірлік ұстанымға айналса, бұл – оразаның шынайы жемісі болмақ.

Сурет «Ortalyq Qazaqstan»
газетінің мұрағатынан

Шаңырақ күніндегі шаттық

Көктеммен бірге келетін жаңару мен үміттің нышаны – Наурыз мейрамы аясындағы «Шаңырақ күні» аймақта ерекше сипатта өтті. Бұл күні өмір есігін ашқан сәбилерге ақ тілектер айтылып, жас аналарға құрмет көрсетілді.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері мен ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің өкілдері қаладағы перзентханаларды аралап, дәл осы күні дүниеге келген нәрестелердің аналарын құттықтап, арнайы сыйлықтар табыс етті.

Мерекелік іс-шара барысында Қарағанды қаласындағы үш перзентхана қамтылды. Әрбір шаңырақта жаңа өмірге келген сәбилер – елдің ертені, отбасының қуанышы ретінде құрметке бөленді.

Алғашқы құттықтау Қарағанды қаласындағы №1 перинаталдық орталықта өтті. Бұл күні ана атанған 29 жастағы Айжан Серікқызына «Шешен-ингуш» этномәдени бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев пен «Вайнах» этномәдени бірлестігі Аналар кеңесінің мүшесі Раиса Хусейнова арнайы барып, ақ тілектерін жеткізді. Олар жас анаға ізгі ниеттерін білдіріп, естелік сыйлықтар табыстады.

Ал, №2 перинаталдық орталықта Диана Шабдан құттықтаулар легін қабылдады. Оған Қарағанды облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Айжан Қиясова мен «Қарағанды облыстық поляк қоғамы «Polonia» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Виталий Хмелевский арнайы барып, жылы лебіздерін жеткізді.



– «Шаңырақ күні» – отбасы құндылықтарын ұлықтайтын ерекше күн. Біз үшін жаңа өмірдің басталуына куә болып, жас аналарға қолдау білдіру – үлкен жауапкершілік әрі құрмет. Бүгін дүниеге келген әрбір сәби – еліміздің болашағы. Сондықтан, аналарға жылы сөз айтып, қуаныштарын бөлісу – біздің азаматтық пары-

зымыз деп білемін. Осындай шаралар қоғамдағы бірлік пен жанашырлықты нығайта түседі, – дейді Айжан Қиясова.

Сондай-ақ, Аймақтық акушерлік-гинекологиялық орталықта Ұлжан Молдалықызы да назардан тыс қалмады. Мұнда да ҚХА өкілдері жас ананы құттықтап, сый-сияпаттарын ұсынды.

Айта кету керек, бұл игі бастама тек құттықтаумен шектелмейді. Ол – қоғамдағы отбасы құндылықтарын нығайтуды көздейді. Өйткені, қазақ танымында шаңырақ – ұрпақ сабақтастығының, бірлік пен берекенің белгісі.

Сурет
ұйымдастырушылардан

• АКАДЕМИК ЖАНТӨРЕ ӘБІШЕВТИҢ ТУҒАНЫНА – 90 ЖЫЛ

Азамат. Ғалым. Тұлға

Отандық химия-металлургия өнеркәсібі мен ғылымының биік бастауында тұрған тұғырлы тұлғалар есімі уақыт өткен сайын жаңғырып, сабақтастық салтанаты арта түседі. Әсіресе, Орталық Қазақстан өңіріндегі өндіріс пен ғылымды егіз дамыту үдерісінде үзілмей жалғасқан сабақтастық пен үндестіктің тарихи мәні зор.

Былтырғы, 2025 жылы еліміздің жұртшылығы мен зиялы қауымы 100 жылдығын кеңінен атап өткен халқымыздың бірегей тұлғасы, атақты ғалым, академик Евгений Бөкетовтен қалған: «Парасаттылық, шарапаттылық, инабаттылық, кеңдік, адалдық – ғылымда істеген әрбір адамға лайықты қасиет, халқымыздың мәңгілік, бетке ұстары – еркін азаматтық деген ұлағатты сөз дәл осы жылдың 18 наурызында туғанына 90 жыл толған ұлы ғалым-ұстаздың адал шәкірті және өмірлік ісін жалғастырушы-ізбасары Жантөре Нұрланұлы Әбішевке арнап айтылған дерсін.

Атап айтқанда, қасиетті Құран Кәрімнің де «Ниса» сүресінің 162 аяттың да: «Бұлардың ішіндегі ғылымға бойлағандарға зор сыйлық береміз» делінген жоқ па?! Сондықтан, өзін Ғалым және Тұлға ретінде танытқан Жантөре ағамыздың аруағын ұлықтауды мен де жөн көріп отырмын. Жақын ағамыздың ата-тегі және өзінің туған жері – қасиетті Нұра өңірі.

Нұрлы Нұра – қашаннан ерекше ықыласқа лайық, тарихымызға қосқан үлесі зор, тағдырдан алған тағалымы мол жоралы жұрт, жарастықты мекен.

Туған жер – ел мен жердің бағына туған тұғырлы тұлғаларымен ерекше мәртебелі. Осы орайда да Нұра елі халқымыздың талай-ғалай тамаша дарындарын түлеткен текті топырақ.

Ендеше, Нұра топырағында туып, қазақ ғылымының жарық жұлдызындай жарқыраған Жантөре Нұрланұлының шыққан тегі, өскен ортасы, ресми өмірлері, оның ұрпақтары туралы дерек келтіріп, сыр шерте кеткеннің артықтығы жоқ деп ойлаймын.

Жантөре Нұрланұлы – Орта жүздің өрені. Ол кісінің шыққан тегін шежіре тармағы бойынша тарқатар болсақ, Жаныарстан – Жантөреге дейінгі ұрпақ сабақтастығы төмендегідей таратылады:

Жаныарс (Орта жүз) – Арғын – Қаратай – Марал – Арқожа – Шора – Қодан – Қартабай – Дайырқожа (Ақжол) – Таңжарық – Бектібай – Мейрамсопы – Қуандық – Қарпық – Көзей – Тоқа. Яғни, Жантөре Нұрланұлы Арғынның Тоқа бұтағынан тарайды.

Тоқадан – бойышуден: Тұңқатар, Бесім, Тоқалдан: Токтауыл, Сары, Молқы, кіші тоқалдан (қалмақ қызынан): Құлымбет.

Құлымбеттен – Райымберлі, Тәттіқадам, Бапай, Сырлыбай, Сырымбет, Бөгенбай, Төлен.

Бапайдан – Ерлес, Мелет, Ақтен. Ерлестен – Ескене, Едіге, Құлыншақ, Тобышак.

Едігеден – Лау мырза (Әбдірахман).

Лау мырза ірі бай болмаған. Орта шаруа, мың жылқыдан артық бітпеген. Жылы артылса, не жау алады, не жұтқа ұшырайды. Сондай аз ғана дәулетпен өзінен ірі байлардан озып, халыққа мырзалығымен беделі асқан. Жаяуға ат берді, на шарға тамақ берді, халыққа қолындағысын аямады, елге қамқоршы болған. Сондықтан, халық оны сыйлап, «Лау мырза» деп, атаған.

Лаудан – Жанпейіс, Жолтабар, Малтабар, Бәйкен.

Жанпейістен – Әбіш.

Әбіштен – Хасен, Мейрам, Сейіл, Нұрлан.

Нұрланнан – Жантөре, Жамбыл, Аттар, Қамзе, (Бағдат, Әсіма).

Жантөреден – Жандос, (Сәуле). Жандостан – Алтынай.

Әбішев Жантөре Нұрланұлы (1936-1999 ж.ж.) Қарағанды облысы, Нұра ауданында туған, металлургия-ғалым, техника ғылымдарының докторы (1982), профессор (1982), Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1983), ал 2003 жылы



Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының академигі атағы берілді.

1957 жылы Алматыда Қазақ кен-металлургия институтын (қазіргі Қазақ ұлттық техникалық университеті) бітірген. Көп жылдар Қарағандыда Химия-металлургия институтында қызмет еткен. 1967-1972 жылдары сол институт директорының орынбасары, кейін директоры болған. 1984 жылы Қазақ КСР ҒА Президиумының мүшесі болып сайланды. 300-ден астам ғылыми еңбектердің авторы, оның ішінде, 40-тан астам авторлық куәліктері бар. Негізгі ғылыми еңбектері полиметалл шикізатты кешенді ұқсатудың теориялық және технологиялық негіздерін жасау проблемаларына арналған. «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Ақырғы күндеріне дейін Алматыда Қазақстан Республикасы министрлігі шикізаттарды кешенді өңдеу Ұлттық орталығының бас директоры болды. «Қазақстан Республикасының Құрметті өнертапқышы» атағының иегері. Бұл кісі жөнінде «Қарағанды. Қарағанды облысы» (1986, 2006 ж.ж.) энциклопедияларында мәлімет берілген. 2001 жылдың желтоқсанында ҚР Үкіметінің қаулысымен: 1983-2000 жылдардағы «Әлемдік деңгейге сай өнімдері: Ферросиликоалюминий (әлемде алғаш рет) мен таза сортты күкірт қышқылы шығаратын техногендік шикізатты өңдеу жөніндегі технологияларды әзірлеу мен өндіруді ұйымдастыру» жұмыстары циклы үшін Жантөре Әбішевке (қайтыс болғаннан кейін) және Қарағанды Химия-металлургия институтының тағы 6 ғалымына Ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлығы берілген.

Жандос Жантөреұлы Әбішев (1964 ж.т.) 1987 жылы Мәскеу болат және қорытпалар институтын металлургиялық процестерді физика-химиялық зерттеу мамандығы бойынша, 1990 жылы «Механообр» Санкт-Петербург Бүкілодақтық институтының аспирантурасын «Пайдалы қазбаларды байыту» бағыты бойынша бітірген. 1993 жылы Біріккен Вена институтын Халықаралық экономика мамандығы бойынша тәмамлады. «Қазақстан Инжиниринг» ҰК» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ, АҚ, «Тау-Кен Самұрық» ұлттық тау-кен компаниясы» АҚ, «Қазгеология» Ұлттық геологиялық барлау компаниясы» АҚ, «Біріккен химиялық компания» ЖШС директорлар кеңестерінің мүшесі. Астана қаласы шахмат федерациясының бірінші вице-президенті.

Міне, Жантөре Нұрланұлының ата-тегі мен ұрпақтары жөніндегі қысқаша деректер осылай сыр шертеді.

Жантөре Нұрланұлының ғалым және тұлға ретінде қалыптасуы да Қазақстан ғылымының ең шарықтап, дамыған кезеңі өткен ғасырдың 50-ші жылдарының соңғы кезінде басталған еді.

Ғылыми жолын да алдымен Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтының байыту бөлімінде, ал, кейін Сарыарқада 1958 жылы ашылған тұңғыш академиялық ғылымының қасиетті шаңырағы – Химия-металлургия институтында кіші ғылыми қызметкер лауазымынан бастады.

«Болат қайнау, батыр майданда шынығады», – деген де қанатты сөз бар халқымызда. Жантөре ағамыздың ғылымдағы шыңдалуына өзі 1957 жылы бітір-

ген Қазақ тау-кен металлургия институтынан бастап, ұстаздары болып келген аса көрнекті ғалымдар – Қазақстан Республикасының Ғылым академиясының академигі В.Д.Пономарев пен Е.А.Бөкетовтің, Ресей Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі В.И.Ревнивецтің тікелей әсер еткені де даусыз шындыққа жатады.

Осы ғылым ордасында 1959 жылы басталған оның еңбек жолы 1992 жылға дейін жалғасты және 1972 жылы ұстазы Е.А.Бөкетов жаңадан ашылған Қарағанды университетіне ректор болып тағайындалуына байланысты директор лауазымына дейін жоғарылады. Әрине, осындай ірі ғылым ордасын 20 жылдан аса басқарып, дұрыс ғылыми бағытта ұстап отыру да кез келгеннің қолынан келе бермейтін де айдан анық іс қой. Осы жылдары институт ғылыми ізденістері мен металлургия және байыту салалары бойынша көптеген өнертабыстарды өндіріске енгізу бойынша да елеулі табыстарға жетті. Ғылым кандидаттары мен докторлары сияқты жоғары білікті ғылыми кадрлар мен мамандардың да саны күрт өсті. Институт іргеленді және тұғырланды.

Осы жағы ескерілген болуы керек, ол 1983 жылы еліміздің Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайлана, ал келесі 1984 жылы Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің Академик-хатшысы болып тағайындалды. Академияның еліміздегі бірінші аймақтық бөлімшесінің ашылуына индустриясы ерекше өркендеген Орталық Қазақстанда ірі өнеркәсіптік, энергетикалық және химия-технологиялық әлеуетінің болуы ғана емес, сонымен қатар өзімізде ірі ғалым-академиктер Ә.Сағынов, Е.Бөкетов, З.Молдахметов, Ж.Әбішев, М.Жұрынов, А.Ғазалиев, Ғ.Құлқыбаев, М.Әліақпаров сияқты тұғырлы тұлғалардың болуы да әсер етті. Осы алдыңғы толқын аға ғалымдарымыздың бірі, бірі емес бірегейі Жантөре ағамызды бөрінен ерекшелендіретін тұратын айрықша қасиетінің сыры, оның принципшіл болса да, қарапайымдылығы, іскер болса да ұстамдылығы, басып болса да аса зиялылығы, кішілігі мен кісілігінде еді. Халқымыздың даналық сөздерінің бірінде: «Кішіпейлділік – кішілік емес, кісілік» делінсе, ал, ұлтымыздың көшбасшысы Әлихан Бөкейханов: «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінденен», – демеу пе еді!

Міне, осындай «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қағиданы өзінің өмірлік ұстанымы ретінде қабылдаған Жантөре ағамыздың ғылыми ауқымы да аса кең болатын. Оның өз шәкірттерімен бірлесіп атқарған жұмыстары Қазақстанда минералдық және техногендік шикізаттарды кешенді түрде өңдеудің теориялық және технологиялық негіздерін қалыптастыруға және сонымен қатар тау-кен металлургиялық өндірістерінің қалдықты аз шығаратын толық материалдық циклін жасау бағытының қалыптасуына айрықша әсер етті.

Осының нәтижесінде, еліміздің ғылыми мен экономикасы үшін аса қажетті жаңа бағыт – балластан тыс, пайдалы компоненті аз және қиын байытылатын кендер мен өндіріс қалдықтарын химиялық байыту саласы қарқынды дами бастады. Осыған орай, Жантөре ағамыз да 1993 жылы еліміздің тау-кен жұмыстарын, пайдалы қазбаларды байыту, қара және түсті металлургияны дамы-

тудың негізгі мекемесі болып табылатын Қазақстан Республикасының минералды шикізаттарын кешенді өңдеу бойынша құрылған Ұлттық орталықтың алғашқы Бас директоры болып бекітілді.

Жантөре ағамыз негізін қалаған, табалдырығын бекітіп және шаңырағын биіктеткен осы Орталық бүгіндері ел экономикасын дамытуға сүбелі үлесін лайықты түрде қосып келеді.

«Азамат – аяғын туған жерге, арқасын – туған елге тірейді» дегендей, Жантөре ағамыз Ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің академик-хатшысы қызметін атқарған жылдары да Сарыарқа ғылымы өз ауқымын кеңінен жайды. 1983 жылдан бастап, өңіріміздегі көптеген академиялық институттардың «Альма-матері» (түпкі Анасы) – Химия-металлургия институтының базасында Органикалық синтез және көмір химиясы институты, Жер қойнауын кешенді игеру мәселелері институты және Аймақтық даму институттары құрылды. Ал, осындай заңдылықты дамудың жалғасы ретінде кейінірек Гигиена және кәсіби аурулар институты, Қолданбалы математика институты және «Фитохимия» институты құрылды. Осы ғылым орталықтарының нақты қажеттілігін және соған сәйкес ғылыми бағыттарын қалыптастыруға Жантөре ағамыз ерекше еңбек сіңірді.

Аты аталған ғылыми орталықтардың бірі, 1995 жылы ашылған «Фитохимия» институты жөнінде аздаған мағлұмат бере кетуді де жөн көріп отырмын. 1977 жылы сол кезде Мәскеуден Бүкілодақтық дәрілік өсімдіктер институтында жаңа ғана кандидаттық диссертациясын қорғап келген жас ғалым Марат Мұхаметжановтың «Гербицидтер химиясы» аталатын зертханасында үлкен ғылымдағы мүдделеріміз ортақ және арманшыл 4-5 жас қызметкер топтасқан болатынбыз. Кейінірек сол кездегі институт директоры Жантөре Нұрланұлының ақыл-көңесінің арқасында зертхана аты «Табиғи қосылыстар химиясы» болып жаңа есіміне ауысып, нәтижесінде ғылыми ауқымы да барынша кеңейіп түскен еді. Осы жағдай бізге болжамды болашақта өз қанатымызды кеңінен ашуға да жол берген еді. Марат Нұрметжанұлы дүниеден өрте – бар-жоғы 40 жасында озған ерте қиын кезде зертханамыздың жабылып, ал, ғылыми бағыты мүлде тоқталып қалу қаупі туындады. Міне, осындай аумалы-төкпелі кезеңде Жантөре ағамыз институт басшысы ретінде жаңа қалыптасып келе жатқан ұжымды сақтап қалуға көп күш-жігерін жұмсады.

Ол кісі осы кезде сол кезең үшін бірден-бір дұрыс болып табылған стратегиялық шешім қабылдады. Өзінің ғылыми жұмыстар бойынша орынбасары, химия ғылымдарының докторы, профессор Альфред Давыдович Кагарлицкийді зертхананы уақытша ғылыми жетекшісі қылып бекітті. 1982 жылы мен кандидаттық диссертациямды қорғап келгеннен кейін мені алдымен ғылыми кеңесте аға ғылыми қызметкер лауазымына бекітіп, біраз уақыт өткен соң, тағы да ғылыми кеңес шешімімен зертхана меңгерушісі қылып сайлады.

Сондықтан, осы зертхананы кейінірек ғылыми әлеуеті мен өндірісі қатар дамыған ірі ғылыми орталыққа айналуына да жол ашуы, бағыт беруі Жантөре ағамыздың ғылымдағы көрегенділігінде белгісі еді.

Міне осындай шағын көріністің өзі ғана оның адамдарға, қарамағындағы институт қызметкерлеріне, әсіресе, жас ғалымдарға үнемі қамқоршы болып: «Жанамын» дегендеріне от беріп, «Шабамын» дегендеріне ат беріп жүретінін көрсететін.

Әңгімені осы «ат беруден» де өрбітуге болар еді. Сол кезде институтта «ГАЗ-52» жүк көлігі, «КАВЗ» автобусы сияқты автотранспорт құралдары болатын. Осы жүк көлігін Жантөре ағамыз зертхана жұмысына қажеттілік туған кездерде бізден ешқашан аямаушы еді. Соның арқасында осы жүк көлігін пайдаланып, жаз бойы Шығыс Қазақстан, Алтай тауларынан бастап, Жоңғар Алатауына дейінгі аралықты аралап, дәрілік өсімдік шикізатын жинайтынбыз.

Ал, «КАВЗ» автобусының оқиғасы тіптен қызық. Целиноград об-

лысының Шортанды елді мекенінде орналасқан және сол кездері тікелей Мәскеуден жабдықталатын А.И. Барев атындағы Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу егін шаруашылығы институтына жиі іссапарлармен барып жүріп, осы ғылыми орталықта біздер үшін аса тапшы мүлік болатын химиялық құрал-жабдықтар қоймаларда бос тұрғанын байқап қалғаным бар еді. Осыны Жантөре ағамызға айтқан кезде, ол кісі менің оймды бірден құптап, Шортандыдағы институт басшысына хат жолдап, қасыма ақылшы аға ретінде Альфред Давыдовичті қосып беріп, екеуімізді сол «КАВЗ» автобусымен «аса қажетті» іссапарға шығарып салған еді.

Қысқы аяз бен боран қатар араласқан сол сапардан автобустылық толтырып, қазақша айтқанда «қоржымымыз толып» қайтқанда, Жантөре ағамыздың да шын жүректен қатты қуанғаны бар еді. Сол құрал-жабдықтардың қызығын біздің зертхана ғана емес, бүкіл Химия-металлургия институты көрген болатын. Міне, мен көрсетіп өткен осы екі көріністің өзі, Жақын ағамыздың жан-жағына шашып жүретін шапағаты мен жақсылығының кішкентай ғана белгісі болатын.

Ағамыздың ғылыми жетекшілігімен бірқатар шәкірті кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Жеке өзі жөніне шәкірттерімен бірлесіп жүргізген зерттеулерінің нәтижелері 300-ден астам ғылыми жұмыстар және 8 монографиясы жарық көрді. Өнеркәсіптік сынақтардан өткен технологиялары 76 авторлық куәліктер мен 29 шет ел патенттерімен қорғалды, ал, 1994 жылы ағамызға «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы» құрметті атағы да берілді.

Еселенген еңбегі де елеусіз қалған жоқ. Атқарған ғылыми, ғылыми-ұйымдастырушылық және қоғамдық жұмыстары үшін бірақтар алғыстармен, мақтау грамоталарымен, оның ішінде Қазақстанның Жоғарғы Кеңесінің грамотасы да бар және «Еңбек ардагері» медалімен (1985 ж.), «Құрмет белгісі» орденімен (1986 ж.) марапатталды. Өкінішке қарай: «Отпейтін өмір жоқ, сынбайтын темір жоқ» дегендей, өзінің ғылыми және ғылыми-ұйымдастырушылық өмір жолының ең бір жеміс берер шағында 1999 жылдың 23 қыркүйегінде Жантөре ағамыз арамыздан оқыс кетіп қалып, бақилық жолын жалғастырды.

«Өткір кездік қын түбінде жатпайды» демекші, ағамыздың еліміздің металлургиялық және химия ғылымдары мен өндірісінің дамуына қосқан ғылыми үлесі де жоғары бағаланды. 2001 жылы Ж.Әбішев (қайтыс болғаннан кейін) бастаған, құрамында белгілі ғалымдар Ә.Жәрменов, А.Терлікбаева, С.Байсанов, М.Толымбеков, С.Дүйсебаева, Б.Хасен бар ғылыми-шығармашылық жұмыс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды.

«Жақсы адам өмірге табындыру үшін келеді, өлген соң сағындыру үшін келеді» дегендей, өмірдің өз шындығы да адал бағаланып, 2000 жылдың 20 қазанында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысымен өзі 20 жылдан астам басшылықта болып, 45 жылдай қызмет жасаған Химия-металлургия институтына ағамыздың есімі берілді. Кейін осы ұлағатты іс тағы да жалғасын тауып, 2016 жылы Қарағанды қаласының Қазыбек би атындағы ауданының жаңа көшелерінің бірі академик Жантөре Әбішев есімімен аталды.

Бүгіндері де асыл ағамыз – Жантөре Нұрланұлы Әбішевтің халқымызға, еліміздің экономикасына сіңірген еселі еңбегі ұмытылған емес. Ал, ол кісінің ғылыми болжамдары мен толғамдары шәкірттерінің ғылыми жұмыстары мен өндіріске енгізілген технологиялық шешімдерінде әрі қарай жалғасуда.

Серғазы ӘДЕКЕНОВ,
«Фитохимия» ғылыми-өндірістік орталығы басқарма торағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ғылым және техника саласындағы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Ұлттық ғылым академиясының академигі, химия ғылымдарының докторы, профессор

№46

• АЙТЫС

Жыр додасында – жас дарындар

Нұрлы КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Балқаш қаласында қазақтың біртуар халық ақыны Шашубай Қошқарбаев мұрасын дәріптеуге арналған «Жыр дүлдүлі» атты I облыстық жас ақындар айтысы өтті. Өнер додасы Наурыз мейрамы аясындағы «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күнімен» сабақтасып, мазмұнын тереңдетіп түсті. Аталған шығармашылық жоба білім басқармасының «Сарыарқа дарыны» аймақтық ғылыми-практикалық орталығының қолдауымен және қалалық Балалар өнер мектебінің ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.

Жыр сайысына өңірдің білім беру ұйымдарынан іріктелген 15 оқушы қатысты. Атап айтқанда, Балқаш қаласынан 12, Бұқар жырау ауданынан 2, Саяқ кентінен 1 жас айтыскер бақ сынады. Сахна шымдылығы түрілген сәттен-ақ зал іші ерекше толқынға бөленді. Алғаш болып айтыс алаңына көтерілген Саяжан Тайтөлеуова мен Кәусар Әзілдің сөз қағысы көрерменді бірден баурап, жыр додасының көрігін қыздырды. Суырыпсалмалық шеберлігін анық аңғартқан Кәусардың ұтқыр жауаптары мен өткір ойлары қарсыласынан басым түсіп, көпшілік ықыласына ие болды. Осылайша басталған айтыс кеші ұлттық өнердің өміршеңдігін айшықтай түсті. Сайыс барысында жас ақындар тек суырыпсалмалық қабілеттері ғана емес, терен ойлау, сөз саптау мәдениеті, тапқырлық пен сахналық шеберлік тұрғысынан да жоғары деңгей көрсетті. Айтыстың қызған шағында Айдын Жарылқасын мен Нұрлы Нұрланқызының қыз бен жігіт айтысы сахнаға өзгеше реңк беріп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Ал, Бұқар жырау ауданынан келген Қуаныш Төлеукалы мен Мерейхан Қарғиғұлдың айтысы әсерлі әзіл, ұтымды теңеулерге толы болды. Әсіресе, Қуаныштың қарсыласына айтқан «қоянның ұстап алған көжегіндей» деген қағытпасы жұртшылықты күлкіге қарық қылды.

Қазылар алқасының құрамында тәжірибелі мамандар мен кәсіби ақындардың болуы бағалау әділдігін қамтамасыз етті. Олар қатысушылардың мазмұндық тереңдігіне, тіл көркемдігіне, сахналық мәдениетіне жоғары баға берді.

Айтыс қорытындысы бойынша Абай атындағы №2 мектеп-лицейінің оқушысы Айдын Жарылқасын Бас жүлдені иеленді. Бірінші орынды Төлеукалы Қуаныш пен Кәусар Әзіл жеңіп алса, екінші орынды Мерейхан Қарғиғұл, үшінші орынды Нұрлы Темірбек еншіледі.

Жеңімпаздарға Балқаш қаласының білім бөлімі атынан қазақтың қасиетті қара домбырасы тарту етіліп, барлық қатысушылар арнайы сертификаттармен марапатталды.

Айтыс барысында жас буынның ұлттық өнерге деген қызығушылығы мен жауапкершілігі анық байқалды. Олар тек сөз сайыстырып қана қоймай, туған жерге деген сүйіспеншілігін, ұлттық құндылықтарға деген құрметін жыр арқылы жеткізе білді. Бұл – рухани сабақтастықтың үзілмей, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқанын көрсететін маңызды белгі.

Осындай шығармашылық алаңдар жас таланттардың шыңдалуына, олардың өнер жолында батыл қадам жасауына үлкен серпін береді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта да айтыс дәстүрін жаңғыртуға бағытталған жобалар жалғасып, өңірдегі дарынды жастарды қолдау ісі жүйелі түрде жүргізіле бермек.

БАЛҚАШ

• ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

Кемеңгер ардагер

Екінші дүниежүзілік соғыстағы Ұлы Жеңісті жақындатуға үлес қосқан тұлғалардың есімдері мен ерлікке толы даңқты жолдары тарихтың қойнауына алтын әріппен таңбаланды. Отан үшін от кешкен, елім деп еңбектің торысы атанған, қоғамның ілгерілеуі жолында ілкімді іс тындырған Мейрамбек Рақымбекұлының да өнегелі өмірі өңір шежіресімен біте қайнасақ. Өңірдің ғана емес-ау, қос бірдей облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, халықтың мүддесі жолында қалтқысыз қызмет қылғаны туралы деректер архив беттерінде қаттаулы.

Өмірдеріне үңілесек, бытыр Мейрамбек Рақымбекұлының туғанына 100 жыл толды. Ол 1925 жылдың 25 қаңтарында Қарағанды облысы Ақтоғай ауданының Қоңырат ауылында туған. Балқаш қаласындағы Абай атындағы орта мектепті үздік бітірген. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда, ол небары 16 жастағы бозбала-тын. Аткаминерлер «Алга!» деп ұрандап, майдан даласына аттанғанда, ауылдағы ауыр еңбек Мейрамбек Рақымбекұлы сияқты азаматтардың мойнына артылған еді.

Осы тұста жігеріне жауапкершілігін ұштастырған азамат еңбегімен танылды. Сондықтан, әскери қызметке шақырылды. Шыңдалды, тәжірибе жинақтады. Тапсырылған істі тиынақты орындап, оң қырымен танылды. Нәтижесінде, Шет аудандық ауданаралық әскери комиссариатқа жұмысқа ауыстырылды. Күндіз-түнге қарамаған жұмыс режимінің уақыты. Қорғаныс пен қамданыс. Іріктеу ісінен ілгері қадам жасау қажет. Әйтеуір, жеңіске жету – мақсат. Міне, бұл жұмыста да Мейрамбек Рақымбекұлы асқан жауапкершілік танытты.

Содан, Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғанға дейін табан аудармай әскери комиссариатта қызмет етті. Қаған құпиялы құрылым – «Смерштің» аға жедел уәкілі болды.

Жеңістің таңы атқан тұста әскери қызметте болған азамат ішкі істер органына қызметке ауыстырылды.

Қоғамдық тәртіпті күзетті. Өнегелі өмірін осы салаға арнады. Қарағанды және Жезқазған облыстарының жұртшылығы Мейрамбек Рақымбекұлының есіміне осы салада қызмет жасаған кезінен қанық. Көзін көргендер ол кісінің азаматтық бол-



мысы жайлы да тамсана әңгімелейді. Мейрамбек Рақымбекұлы 1965 жылы кенестік кезеңде ішкі істер органдарына жоғары білімді мамандар даярлайтын басты оқу орны – КСРО ІІМ Мәскеудің Жоғары милиция мектебін тәмамдады. Оның марапаттарының көпшілігі Екінші дүниежүзілік соғыспен байланысты. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысының және тың игерудің Ардагері», «Отанға мінсіз қызмет еткені үшін», «Совет милициясына – 50

жыл», «Тың игергендерге – 50 жыл» сияқты тағы да басқа бірнеше медальдың иегері болған.

Ақтоғай ауданының, оның халқының сыртқы және ішкі тұтастығын да қорғауға өзіндік үлесін қосқан Мейрамбек Рақымбекұлына деген елдің құрметі ерекше еді.

Сондай-ақ, өзі туған өңірдің экономикасы мен мәдениетін өркендетуде қосқан ерен еңбегі үшін Мейрамбек Рақымбекұлына «Ақтоғай ауданының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Иә, ол істің адамы еді. Мансап қумады, атақты сұрап алмады. Өзінің еңбегі жемісін беріп, жұлдызы жарқырай түсті.

Қазіргі уақытта Мейрамбек Рақымбекұлының өмірлік өнегесін көріп, батасын алған балалары, немерелері мен шөберелері асқар таудай тұлғанын қайырымдылық ісін халқына қызмет ету бағытында жалғастырып, Астана, Алматы, Қарағанды, Балқаш және Жезқазған қалаларында әр салада жемісті қызмет жасауда.

Қуаныш АМАНҚҰЛОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

№106



Еске алу

Балқаш қаласының тумасы, Ақтоғай ауданының тұрғыны болған аяулы жар, асыл Ана, немерелеріне сүйікті же бола білген **Ханшайым Сәмбетбайқызы ХАСЕНОВАНЫҢ** бұл өмірден бақилыққа озғанына да биыл 40 жыл толып отыр.

Елу бір жасқа толар шағында жолдасын, балаларын, немерелерін қимастықпен тастап, мәңгілік мекеніне аттанып жүре берді.

Анамыз тірі болғанда биыл 13 мамырда 91 жасқа толар еді. Анамыздың қолы ашық, көкірегі ояу, көңілі ақ, кеңпейіл еді. Ағайын-туысқа, көрші-қоланға, дос-жаранға қадірі артқан өте мейірімді дара жан еді.

Әттең-әттең, Алла тағалаға кім қарсы тұра алған? Аман қанша, анамызға Алланың өлшеп берген ғұмыры тым қысқа болды. Алайда анамыздың өмірдегі жақсылығын, балаларын, немерелерін қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп, аялап өсіре білген еңбегін, елді сыйлай білген, өзін де сыйлата білген қасиетіне, ізгілік пен мейірімділікке толы асыл бейнесін бір сөтке де есіміден шығара алмаймыз. Ана – мейірім мен мейірандықтың нұры.

Дүниедегі ең қиын сағыныш – ешқашан көрмейтін, ешқашан енді келмейтін, оның орнын ешқашан ешкім баса алмайтын адамды сағыну. Сол асыл жанымыз, мәңгілік сағынышымыз, анамыздың рухына қайтқан күніне орай Өнет баба мешітінде дұға бағышталып, Құран оқылады. Анамызды Алла мейіріміне алсын, барған жері жұмақтың төрі болсын. Оқыған дұғамыз қабыл болып, арқашанда Анамызды Алла нұрымен аймаласын, Анамызды сағына еске ала отырып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа, жаны жәннаттың төрінде нұрлансын деп Алладан рахым тілейміз.

Еске алушылар: жолдасы – **Өмірзақ**, қызы – **Пайза**, ұлдары – **Өміртай**, **Өмірбай**, немерелері-шөберелері.

№94



Қылмыс пен жаза

Елімізде соңғы жылдары жүргізіліп жатқан құқықтық реформалар мемлекеттің стратегиялық даму бағытының өзегіне айналды. Әсіресе, қылмыстық саясатты жаңғырту, оны ізгілендіру және қоғамға қауіп төндіретін жаңа құбылыстарға құқықтық тосқауыл қою – күрделі әрі көпқырлы процесс. Бұл бағыттағы негізгі басымдықтар Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған реформалар аясында жүзеге асырылып отыр. Президент үнемі құқық үстемдігін қамтамасыз ету, әділ сот жүйесін қалыптастыру және азаматтардың құқықтарын қорғау мемлекеттің басты міндеті екенін баса айтып келеді.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Аталған өзгерістер цифрландыру дәуіріндегі жаңа қауіптерге жауап ретінде қабылданды. Бүгінде қаржылық алаяқтық, киберқылмыстар, жеке деректерді заңсыз пайдалану – әлемдік деңгейдегі өзекті мәселенің бірі.

Мысалы, АҚШ заңнамасында киберқылмыстарға қатысты өте қатаң санкциялар қарастырылған. Ал, Ұлыбритания елінде жеке өмірге қол сұғушылық пен онлайн-қудалау ауыр құқықбұзушылық ретінде бағаланады.

Қазақстандағы жаңа нормалар осы халықаралық тәжірибелермен үндес келеді және құқықтық жүйенің заманауи сын-қатерлерге бейімделіп жатқанын көрсетеді.

Бұдан бөлек, 2025 жылғы 23 маусымда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының отыз жылдығына байланысты «Амнистия туралы» заң қылмыстық саясаттағы гуманизация үрдісінің жалғасып жатқанын дәлелдейді.

Аталған заң аясында сотқа 400-ден астам материал түскен. Нәтижесінде бірқатар азаматтар қылмыстық жауапкершіліктен босатылып, кейбірінің жаза өтеу мерзімдері қысқартылды.

Амнистия институты құқықтық құрал бола отырып, ол әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етудің маңызды механизмі қызметін қоса атқарады. Ол қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтады, адамдарға екінші мүмкіндік береді.

Байқасақ, еліміздегі сот жүйесі бүгінде сапалы жаңа кезеңге қадам басты. Оның басты ерекшелігі – теңгерім. Яғни, қоғамға қауіпті әрекеттерге қарсы қатаң шаралар қабылданса, сонымен бірге, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, әлеуметтік әділеттілік қамтамасыз етіледі.

Қазыбек би аудандық сотының дерегіне сүйенсек, заңнамалық өзгерістер нақты нәтиже беруде. Сот тәжірибесінде баламалы жазалардың кеңеюі, жаңа қылмыс түрлерінің заңмен реттелуі, әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету – құқықтық мемлекеттің нығаюына ықпал ететін маңызды факторлар екені де сөзсіз.

Ел Президенті айқындаған реформалар бағыты алдағы уақытта да жалғасатыны анық. Өйткені, әділетті қоғам құру үздіксіз процессі талап етеді.

Қылмыстық заңнаманы гуманизациялау мен криминализациялау бір-біріне қарама-қайшы емес, керісінше бірін-бірі толықтыратын үдерістер екенін атап өткен жөн. Олардың үйлесімді жүзеге асуы ғана қоғамдағы құқықтық тәртіпті, азаматтардың мемлекетке деген сенімін нығайтады.

екенін атап айту керек. Мұның бәрі құқықтық мемлекет құрудағы жүйелі реформалардың нәтижесі деп білген жөн.

Халықаралық тәжірибе де осы бағыттың тиімділігін дәлелдейді. Мәселен, Норвегия қылмыстық-атқару жүйесінде сотталғандарды қоғамға қайта бейімдеу бірінші орынға қойылады. Мұнда түрмелердің өзі жекемалды жазалау орны емес, қайта тәрбиелеу орталығы ретінде қарастырылады.

Швеция елінде де бас бостандығынан айыру жазасы соңғы шара ретінде ғана қолданылады. Көп жағдайда пробация, қоғамдық жұмыстар және психологиялық қолдау сияқты баламалы тетіктер бар.

Ал, Германия тәжірибесінде әлеуметтік осал топтарға, әсіресе, баласы бар әйелдерге қатысты жеңілдетілген құқықтық режим қолданылады. Бұл мемлекеттердің тәжірибесі Қазақстандағы реформалардың халықаралық стандарттарға сәйкес жүргізіліп жатқанын көрсетсе керек.

– Бүгінде сот тәжірибесінде жазаны кейінге қалдыру институты белсенді қолданылып келеді. Бұл – ең алдымен, балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды қадам. Сонымен қатар, соттар жаза тағайындауда әрбір істің мән-жайын жан-жақты ескеріп, әділ шешім қабылдауға ұмтылууда, – деп атап өтті аталған өзгерістер туралы Арғын Мешітбайұлы.

Жәлел ШАЛҚАР

«Ortalyq Qazaqstan»

Осы тұрғыдан алғанда, аймақтық соттардың тәжірибесі құқықтық реформалардың нақты іске асу деңгейін көрсететін маңызды индикатор болып есептеледі. Солардың бірі – Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық соты. Бұл сот қылмыстық істерді қарауға маманданған және соңғы жылдары қылмыстық заңнаманың жаңартылған нормаларын тәжірибе белсенді қолданып келеді.

Қазыбек би аудандық сот төрағасы Арғын Қутышев ұсынған деректерге сүйенсек, 2025 жылы сотқа 380 қылмыстық іс түскен.

– Оның ішінде, 395 тұлғаға қатысты 340 іс аяқталған. Бұл көрсеткіштердің өзі сот жүктемесінің айтарлықтай жоғары екенін көрсетіп отыр. Сонымен қатар, 281 адамға қатысты 250 іс үкім шығарумен аяқталғаны сот төрелігінің тиімді жүзеге асырылып жатқанын аңғартады, – дейді Арғын Мешітбайұлы.

Аталған істер бойынша 140 адам, яғни, 50 пайызы нақты бас бостандығынан айыру жазасына тартылған. Ал, қалған тұлғаларға баламалы жаза түрлері қолданылыпты. Бұл – сот жүйесінің ізгіленуінің айқын дәлелі. Өйткені, қазіргі құқықтық жүйеде басты мақсат – жазалау емес, істі болған адамның түзелуіне мүмкіндік беру, оны қоғамға қайта бейімдеу.

Қылмыстық саясаттағы мұндай өзгерістер кездейсоқ емес

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

• ДЕНСАУЛЫҚ

«Шипагердің» шипасы

Аймақта церебралды сал ауруына (ДЦП) және жүйке жүйесінің басқа да сырқаттарына шалдыққан балаларға үміт отын жаққан орталық бар. Мұнда жүздеген бала жыл сайын оңалту курсынан өтіп, қозғалысқа, өмірге деген құлшынысын қайта жандандырады.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,

«Ortalyq Qazaqstan»

«Шипагер» орталығында емдеу және оңалту шаралары міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында тегін көрсетіледі. Орталық түрлі диагнозы бар балаларды қабылдайды. Олардың қатарында жарақат салдары, отадан кейінгі ем-дом, жүйке жүйесі аурулары және балалар церебралды сал ауруы бар науқастар бар.

Мұнда әрбір балаға жеке көзқарас қалыптасқан. Мамандар әр емделуші үшін арнайы оңалту бағдарламасын әзірлейді. Бағдарламаға емдік дене шынықтыру, массаж, физиотерапия, логопед пен психолог сабақтары, сондай-ақ су процедуралары кіреді. Мұндай кешенді тәсіл баланың физикалық қана емес, психологиялық жағдайын да жақсартуға бағытталған.

Орталықтың дәрігер-невропатологы Екатерина Маричеваның айтуынша, тұрақты оңалту күрделі диагноздардың өзінде оң нәтиже береді.

– Біздің емделуші медициналық оңалтудың барлық көлемін стандарттарға сәйкес алады. Спастикалық азауы, көңіл-күйдің жақсаруы, баланың ашық әрі белсенді бола бастауы, басқа ба-

лалармен қарым-қатынас орнату секілді оң динамика байқалады. Ол жылына екі-үш рет тұрақты түрде оңалту курсынан өтеді. Бұл нәтижені бекіту үшін өте маңызды, – дейді дәрігер.

Орталықта түрлі бағыттағы мамандар жұмыс істейді. Бұл балаларға жан-жақты көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Тек былтырдың өзінде мұнда «ДЦП» диагнозымен шамамен 200 бала ем қабылдаған.

Дәрігерлердің айтуынша, мұндай оңалту шаралары тек ем ғана емес, балалардың қоғамға бейімделуіне де ықпал етеді. Кешенді тәсілдің арқасында қимыл-қозғалыс бұзылыстары бар балалар белсенді әрі дербес өмір сүруге бір қадам жақындайды.

Медициналық сақтандыру қорының облыстық филиалының баспасөз қызметінің мәліметінше, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы мұндай қызметтер халыққа барынша қолжетімді болмақ.

Суреттер облыстық медициналық сақтандыру қорының баспасөз қызметінен

• 20 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ



• ДІН – ДІҢГЕК

Мінез бен болмыс

20 наурыз – Ұлттық спорт күні. Бұл бүгінде жай ғана күнтізбелік мереке емес, терең мазмұнға ие рухани жаңғыру кезеңіне айналды. Көктеммен бірге жаңарған тіршілік секілді, ұлттық ойындарымыз бен салт-дәстүріміз де жаңа серпін алып, ұрпақ санасына қайта сіңіп келеді...



ERBOL ERBOLAT,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық спорт – қазақ халқының болмысын айқындайтын рухани-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі. Бұны біз дене шынықтыру немесе бәсеке алаңы ретінде қабылдауымыз керек. Шын мәнінде, ұлттық спорт – тұтас бір үлкен тарбие мектебі. Әрі мінез бен болмысты қалыптастыратын өмір сабағы. Ал, ат үстінде өскен көшпелі жұрт үшін әрбір ойын, әрбір жарыс күнделікті тіршілікпен етене байланысты. Жүйрік міну, күреске түсу, жамбы ату – мұның бәрі жауынгерлік дайындықтың, ептілік пен төзімділіктің, батылдық пен шеберліктің көрінісі еді.

Мәселен, кең дала төсінде дүбірлеткен бәйге жылдамдықтың жарысы емес, төзім мен баптың сыналар алаңы. Көкпар болса, жігер мен қайраттың, бірлік пен батылдықтың айқын көрінісі іспетті. Ал, қазақ күресі тек білектің күшін емес, жүректің қайратында сыналады.

Ұлттық спорттың тамыры тереңде жатыр. Сонау сақ, ғұн дәуірінен бастау алған жауынгерлік машықтар уақыт өте келе, ойын сипатында жалғасып, халықтың күнделікті өмірінің бір бөлшегіне айналды. Бүгінде ұлттың өмір

сүру салтымен біте қайнасып, ұрпақтан-ұрпаққа үзілмей жеткен асыл қазынамыз. Бүгінде ұлттық спорт жаңа сипатқа ие. Заманауи форматта дамып келеді. Республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстар ұйымдастырылып, қазақтың төл ойындары әлемге таныла бастады. Осыған қарап-ақ, ұлттық құндылықтардың жаңғыруы мен ұрпақ сабақтастығының айқын көрінісін аңғаруға болады.

Қарағанды өңірі – қазақтың ұлттық спорт дәстүрін жаңғыртуда алдыңғы қатарлы аймақтардың бірі. Мұнда ұлттық ойындарды дамытуға ерекше көңіл бөлініп, жүйелі әрі ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қала мен аудандардағы мектептерде, мәдени орталықтарда ұлттық ойындар үйірмелері ашылып, балғындар мен жастардың қызығушылығы күн санап артып келеді. Жамбы ату, қазак күресі, көкпар сияқты спорт түрлерінен облыстық турнирлер тұрақты түрде ұйымдастырылып, жас спортшыларға өз шеберліктерін шыңдауға мүмкіндік берілуде. Осы тұрғыда Қарағанды өңірі жастарды ұлттық құндылықтарға баулуға, олардың қызығушылығын арттыруда айрықша үлгі көрсетіп отыр.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Мың айдан қадірлі түн

«Үндерде не жақсы – Құран үні, Түндерде не жақсы – Қадір түні!» – деп кемеңгер Машһүр Жүсіп Көпейұлы жырлағандай, наурыздың 16-нан 17-не қараған түні Арқа аспаны ақ тілек пен Құран үніне бөленді. Облыстық «Әнет баба» мешітіне жиналған мыңдаған жамағат он екі айдың сұлтаны Рамазанның ең қастерлі сәтін құлшылықпен өткізді.

МАҒЖАН ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қасиетті түннің бағдарламасы кешкі құлтан намазымен басталды. Мешіт ішіне сыймаған халық аулаға дейін иін тіресіп, рухани тазаруға асықты. Намаздан соң облыстың бас имамы Естай Айтұғанұлы Қадір түнінің қасиетіне кеңінен тоқталып, жамағатқа тебіреністі насихат айтты. Бас имамның айтуынша, бұл түн – жай ғана күнтізбедегі уақыт емес, бұл – Алла мен пенде арасындағы байланыстың ең биік шыңы.

– Бұл түн – көкпен періштелер лек-легімен жерге түсіп, әрбір тілектің соңынан «әмин» деп тұратын, рақымға толы берекелі сәт. Қасиетті Құранда бұл түннің «мың айдан да қайырлы» екені бекер айтылмаған. Демек, бүгінгі бір түнгі құлшылық сексен үш жылдық ғибадаттың сауабына тең келеді. Халқымыз «Қадір түні – тағдыр түні», – деп тектен-тек айтпаса керек. Себебі, бұл түнде адамзаттың алдағы жылғы несібесі мен тағдыры бекітіледі. Сондықтан, әрбір минутты ғанибет біліп, бос өткізбей, тәубе мен дұғаға арнауымыз керек. Тек жеке басымыздың қамын емес, ең алдымен, еліміздің амандығын, жеріміздің тұтастығын, Отанымыздың тыныштығын сұрап дұға қылайық. Ел тыныш болса, жұрт аман болады, құлшылығымыз да



тербеп, мешіт маңын ерекше нұрға бөледі.

Қадір түнінің тағы бір айтулы тұсы – кең көлемде жайылған дастархан. Жомарт жандар мен мешіт ұжымының ұйымдастыруымен ауызашар уақытында 600 адамға ас берілсе, сәресіде 4000-нан астам жамағатқа арнайы дұға-тілекпен ас ұсынылды.

Рухани түн рауандап атқан таңмен түйінделді. Түнді ұйқысыз, құлшылық-ғибадатпен өткізген қарағандылықтардың жүзінен шаршау емес, ерекше бір тыныштық пен шуақ байқалды.

Айта кетейік, Арқа өңіріндегі



баянды болады, – деп атап өтті бас имам.

Биылғы Қадір түнінің бағдарламасы мазмұнды. Сағат 20:20-дан 22:00-ге дейін жамағат тараулық намазын оқып, артында Құран хатым дұғасына қатысты. Түн ортасы ауа ұйымдастырылған «Қаримен сұхбат» кезеңі көпшіліктің көкейіндегі сау-

алдарға жауап беріп, рухани ілімге суусындатты.

Түнгі сағат 00:30-дан бастап мешітте еркін құлшылық уақыты берілді. Бұл сәтте мыңдаған қала тұрғыны нәзіл намаздарын оқып, тәсіп тартып, истиғфар (кешірім дұғасын) айтумен болды. Құранның әсем әуезі түннің тыныштығын

барлық мешіттерде Ораза айт намазы 20 Наурыз күні таңғы сағат 07:15-те оқылады. Рамазанның соңғы күндеріндегі игі амалдарымыз қабыл болып, айттан айтқа аман-есен жете берейік!

Суреттер мешіттің баспасөз қызметінен

• КЕШ

Күй күмбірлеген күн

Қазақтың қаз мойын домбырасын серік етіп, ұлт құндылығының парқын түсінген өнерпаздың бәсі қашан да биік. Ғасырлар алмасып, заман жаңғырса да, бабадан қалған қоңыр үн өзінің түп негізін жоғалтқан емес. Ұлыстың Ұлы күніне орай «Qasym Kitap» баспасының жанынан құрылған «Ұлағат» оқырмандар клубының ұйымдастыруымен өткен «Күй – тарихи жад» атты тағылымды кеш соның айшықты дәлелі.



МАҒЖАН ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Кеш шымылдығы ерекше сахналанған қойылыммен түрлі. Сахна төріне шыққан «Уақыт», «Дала» және «Батыр» бейнесіндегі кейіпкерлер домбыраның күдіреті мен күйдің киесі туралы тебірене сыр шертті. Бір сәт көрерменді бірден бағзы замандарға жетелеп, күй өнерінің тарихи маңызын аша түскендей әсер қалдырды.

– Күй – біздің жадымыз. Осындай рухани кеш өткізуді көптен бері ойға алып жүр едік. Былтыр талантты композитор Нұрғиса

Тілдендиевтің ғасырлық мерейтойы қарсаңында бастау ниеті де болған. Алайда, біз науқанишылдыққа салынбай, барлық күйшілердің мұрасын түгел қамтып, ауқымды деңгейде өткізуді жөн көрдік, – дейді «Ұлағат» оқырмандар клубының жетекшісі әрі «Qasym Kitap» баспасының редакторы Гүлдана Қуатқызы.

Лэд экран арқылы әрбір күй орындалған сайын оның шығу тарихы, авторы туралы тың мәлімет беріліп отырды. Кеште халыққа кеңінен танымал туындылардан бөлек, көне дәуірлерден жеткен бай мұра да жаңғыра түсті. Қорқыт пен Кетбұғадан бастап, Байжігіт, Сүгір Әліұлы, Сайдалы Сары Тоқа,

Ықылас Дүкенұлы, Абыл Тарақұлы сынды тарландардың, сондай-ақ, күй анасы Дина мен Сейтек Оразалыұлының шығармалары орындалды.

Жүргізуші Ақжігіт Сағынтай көпшілік біле бермейтін қызықты деректерді ортаға салды. Мәселен, Абылай ханның «Сары бура», «Жетім торы», «Майдақоңыр», «Қайран елім», «Қара жорға» атты күйлерінің тарихы көптеген оқырман мен тыңдарман үшін жаңалық болғаны анық.

Арқа өңірі мектебінің өкілдері де кештің сәнін кіргізді. Қазыбек Рашид Әбікен Хасеновтің «Қоңыр» күйін нәшіне келтіре шертсе, Жансая Серікбай Тәтекеннің «Секіртпе» күйімен дүйім жұртты таңдай қақтырды. Тәттімет атындағы өнер колледжінің ұстазы, күйші Мадияр Сүлеймен де арнайы келіп, күмбірлеген күйлерімен кештің ажарын ашты.

Кештің ең басты жаңалығы – «Ұлағат» оқырман клубының жанынан құрылған «Ұлағат үні» ансамблінің тұсаукесері. Жаңа ұжымның тізгінін елордадағы «Шабыт» Қазақ ұлттық өнер университетінің түлегі, жас күйші Данияр Шайкен өз қолына алған.

– Мұнда кәсіби күйшілер некен-саяқ. Бірі өндіріс, бірі білім беру саласында қызмет етеді. Бірін біріктірген – ортақ мұрат пен өнерге деген құштарлық. Заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің «Әнге әуес, күйге құмар бала өмірге де ғашық болып келеді» деген сөзін ұран еткен өнерпаздардың бұл бастамасы алдағы уақытта да жүйелі түрде жалғасын таппақ, – деп атап өтті Гүлдана Қуатқызы.

Жиын соңында ақын Руслан Нұрбай жүрекжарды лебізін білдіріп, күй туралы рухты өлеңдерін оқыды. Илияс Жансүгіровтің «Күйші» поэмасындағы «Күй сыбырайды, мұңаяды, толғанады, зарланады...» деп келетін жыр жолдары кештің түйіні іспетті.

Сурет автордан

• ХОККЕЙ

Сырт алаңда сүрінді

Қарағандылық «Сарыарқа» хоккей клубы жартылай финалдағы алғашқы кездесуінде сүрінді. Жерлестер сырт алаңда өскемендік «Торpedo» клубымен кездесіп, 6:2 есебімен жеңіліп қалды.



ERBOL ERBOLAT,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтар бұл кезеңге жету үшін үлкен күш жұмсады. 1/4 финалда жерлестер рудныйлық – «Горнякты», атыраулық – «Бейбарысты» жеңіп, жартылай финалға жолдама алған болатын.

Қос команда жыл басталғалы ел чемпионаты аясында екі мәрте кездескен. Жерлестер оның біреуінде жеңіліп қалса, екіншісінде қарсыластардан айласын асырыпты. Ал, былтыр қос қарсылас бес мәрте мұз айдынында күш сынасты. Натіжесінде, қарағандылықтар үш кездесуді өз пайдасына шешіп, екеуінде есе жіберген. Одан бөлек, чемпионаттың плей-офф кезеңіне «Торpedo» – II орынмен, «Сарыарқа» – III орынмен жолдама алған-тын. Жалпы, қос қарсылас бір-біріне лайық. Сәйкесінше, ойын да біз күткендей тартысты өтпек.

Алайда, жартылай кездесудің алғашқы айналымда ірі есеп тіркелді. Алғашқы айналымда жерлестер сапынан қорғаушы Егор Наместников бірінші болып есеп ашып еді. 18-ші минутта өскемендіктер таразы басын теңестіріп кетті. Есеп – 1:1.

Екінші айналым басталысымен қарағандылықтар сапынан Руслан Демин көзге түсіп, командасын алға шығарған. Алайда, араға екі минут салып, алаңындағы қайтадан таразы басын теңестіріп кетті. Ал, үшінші айналымда қарсыластар қатарынан төрт шайба салып, алаңындағы маңызды матчты өз пайдасына шешті.

Енді жерлестер сырт алаңдағы екінші кездесуін бүгін өткізеді. Одан кейін 22 және 24 наурызда қарсыластарды өз алаңында қабылдайды.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК
Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы
А.Ә. СОВЕТ
Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VRY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғүй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 035
№30 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арқа» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Жамал СОВЕТҚЫЗЫ